

ЛЕНИН ТУУ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 84 (9661) 1955 жылғы 29 апрель Жұма Шығуына 35 жыл, жеке саны 20 тыйын.

Колхоздарда жаңа құрылыстар салу тыңғылықты жүргізілсін

Колхоз шаруашылығын жан-жақты және неғұрлым тез өркендету міндетін шешу ісінде жаңа құрылыстар салуды ойдағыдай жүргізудің маңызы зор. Мәселен, қорамдық малды зоотехникалық-малдәрігерлік талаптарға және шаруашылықты мәдениетті жүргізу талаптарына сай келетіндей қоралармен қамтамасыз етпейінше, мал басын көбейтіп, мал шаруашылығы өнімділігін арттыру міндетін табысты шешу мүмкін емес. Сол сияқты колхоздың астық өндірісінің артуы, экономикалық-шаруашылық жағынан нығая беруі қажетті жаңа құрылыстар салу ісінің кенже қалуын көтермейді. Өл-ауқаты, мәдениет дәрежесі үнемі өсіп отырған колхозшылардың жақсы жабдықталған тұрғын үйлерге деген өскелең тілегін қанағаттандыру міндеті де тұрғын үй құрылысы жөніндегі жоспарлардың жыл-ма-жыл толық орындалуын талап етеді.

Міне, мұның барлығы колхоздарда жаңа құрылыстар салу жұмысы ауылшаруашылық өндірісін өркендетуде партия мен үкімет алға қойып отырған зор міндеттерді шешудің маңызды мәселелерінің бірі екендігін көрсетеді. Бұған түсіне білген алдыңғы қатарлы шаруашылықтар құрылыс жұмыстарын жыл көлемінде тоқтаусыз жүргізуді ұйымдастырып отыр. Мысалға Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозын алайық. Мұнда тұрақтандырылған арнаулы құрылысшылар бригадасы 1953 жылдан бері жұмыс істейді. Өткен жылы бұл бригаданың мүшелері 200 орынды клуб үйінің, 100 бастық бұзау үйінің, 100 бастық сыйыр қорасының, сүт қоймасының құрылыстарын жанадан салды. Өткен қыста ағаш шеберлері есік, терезе рамаларын, кәсектер жасады, бригаданың басқа мүшелері құрылыс араштарын, тас, құм сияқты материалдарды дайындады, құрылыс үшін қамыс өзірлеу қызу қарқынмен жүргізілді. Колхоз құрылысшылары кейбір құрылыс материалдарын өзірлеуге творчестволықпен қарауда. Олар өткен жылы төбе жабатын шифер жасайтын станок жасады. Бұл станокте жасалған шиферлер әрі берік, әрі арзан болып отыр.

Құрылыс жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізуге жалғыз «Новый путь» колхозының мүшелері ғана емес, Ленин ауданындағы, облысымыздың басқа да аудандарындағы колхоздардың колхозшылары зор ынталы. Бірақ, амал не, кейбір жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары осы ынталылықты дамыта беруді ойдағыдай басқара алмай келеді. Сондықтан да облыс колхоздарының басым көпшілігі өткен жылы жаңа құрылыстар салудың жоспарын толық орындамады. Көптеген колхоздардың басшылары құрылыс жөніндегі арнаулы бригадаларды тұрақтандырмады. Колхоздардағы құрылыс жұмысын маусымдық жұмыс деп есептейтін теріс және зиянды дағды жойылмай келді.

Құрылыс жұмыстарын, әсіресе Совет, Булаев аудандарының колхоздары қанағаттанғысыз ұйымдастырып келді. Совет ауданындағы «Игілік», «Аралаған» колхоздары жаңа мал қоралары, колхозшылар үшін тұрғын үйлер салу жоспарын орындамады. Булаев ауданындағы Карл Маркс атындағы колхоздың басшылары (председателі Елубаев жолдас) жаңа құры-

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС және совхоз қызметкерлері! Астық өндіруді мықтап арттырудың және мал шаруашылығы үшін берік жемшөп базасын жасаудың аса маңызды қайнар бұлағы—жүгері егісін барынша ұлғайта беріңдер!

(СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ 1955 ЖЫЛҒЫ 1 МАЙҒА АРНАҒАН ҰРАНДАРЫНАН).

ТЕЛЕГРАММА

Австрия Республикасының президенті Теодор КЕРНЕР мырзаға

Австрияны гитлерлік үстемдіктен азат етудің және Австрия Республикасын қалпына келтірудің 10 жылдығына байланысты, президент мырза, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының құттықтауын және менің өзімнің құттықтауымды, сонымен қатар тәуелсіз, еркін және демократия-

ВЕНА

лық Австрияны қалпына келтіру ісінде Австрия халқына білдірген ең ізгі тілектерді қабыл алыңыз.

Н. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі.
26 апрель, 1955 жыл.

ТЕЛЕГРАММА

Австрия Республикасының Федеральдық Канцлері Юлиус РААБ мырзаға

ВЕНА

Австрияны азат етудің және Австрия Республикасын қалпына келтірудің 10 жылдығы күні, Канцлер мырза, Сізден және Австрия үкіметінен Совет Одағы Үкіметінен және менің өзімнен құттықтаулар мен ең ізгі тілектерді қабыл алуыңызды өтінемін.

Москвада ойдағыдай аяқталған Австрия-Совет келіссөздері демократиялық Австрияның толық тәуелсіздігін неғұрлым тез қалпына келтіруге және Европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздіктің игілігі үшін біздің халықтарымыз арасында достық қатынастарды нығайтуға көмектеседі деп сенім білдіруіме рұқсат етіңіз.

Н. БУЛГАНИН.

26 апрель, 1955 жыл.

ТЕЛЕГРАММА

Австрия Республикасының Сыртқы істер министрі Леопольд ФИГЛЬ мырзаға

ВЕНА

Австрияны азат етудің және Австрия Республикасын қалпына келтірудің 10 жылдығымен байланысты, Министр мырза, менің шын жүректен құттықтаған сәлемімді және Австрия халқының өзінің ұлттық көкейтесті мүддесін неғұрлым тез жүзеге асыруына — демократиялық, бейбітшіл Австрия мемлекетінің еркін және тәуелсіз өркендеуін қамтамасыз ететін мемлекеттік договордың кешіктірілмей жасалуына тілектестігімді қабыл алыңыз.

В. МОЛОТОВ.

26 апрель, 1955 жыл.

СОВЕТ ҮКІМЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ВАРШАВАДАН ЖҮРІП КЕТУІ

ВАРШАВА, 26 апрель. (СОТА). Совет Үкімет Делегациясы Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Н. С. Хрущев, Совет Одағының Маршалы И. С. Ковнев, Украина Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары О. И. Иващенко, белорус ақыны Максим Танк және Литван ССР Ғылым академиясының президенті Ю. Ю. Матулис бүгін Варшавадан Москваға жүріп кетті.

Батты достарымызды — Н. С. Хрущев жолдас бастаған Совет Үкімет Делегациясын Варшава мен Краков ғана қабыл алып қойған жоқ. Бұл делегацияны біздің бүкіл еліміз шын ықласпен қабыл алды. Мұның өзі миллиондаған адамдардың жүрегіне берік орныққан біздің өзара сезімдеріміз бен идеяларымызды көрсеткен ұлы күштің тамаша демонстрациясы болды.

Біздің қымбатты қонақтарымыз біздер

шын жүректен білдірген тілектестігімізді тапсыруларыңызды өтінеміз.

Поляк халқының ұлы Совет Одағының халықтарымен достығы бұрынғыдан да күшті өрістеп, нығая берсін!

Н. С. Хрущев жолдас өзінің жауап сөзінде былай деді:

Қымбатты жолдастар, достар! Біз Поляк Халық Республикасында болған кезде бізді асқан қуанышпен, жылы шыраймен қабыл алып, меймандостық көрсеткендеріңіз үшін Совет Одағының Үкіметіне

Еңбекшілердің жазғы демалысы

Коммунистік партия мен Совет Үкіметі Отанымыздың күш-қуатын онан сайын арттыру, халқымыздың өл-ауқат және мәдени дәрежесін жақсартуға беру, елімізде коммунизм орнату жолында аянбай, қажырлықпен еңбек етіп жатқан совет адамдарының жазғы уақытта курорттарда, санаторийлерде, демалыс үйлерінде және басқа да тынығу орындарына жақсы дем алып, тынығуларына ерекше көңіл бөліп отыр.

Мемлекетіміз бұл мақсатқа үстеміздегі жылы да көптеген қаржы бөлді. Мысалға республикамызда бөлінген қаржыны айтсақ та жеткілікті. Республикамыздың 1955 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті бойынша денсаулық сақтау ісіне 384.700 мың сом, физкультура жұмысына 15.525 мың сом, әлеуметтік қамсыздандыру шараларына 276.838 мың сом қаржы бөлінді. Облысымызда да бұл мақсатқа бөлінген қаржы мөлшері өткен жылғыдан анағұрлым артық. Мұның өзі біздің елімізде адам үшін қажырлықтың зор және оның үздіксіз жүргізіліп отыратындығын сыйпаттайды. Бұл сияқты қажырлық бірде-бір капиталистік елдерде жоқ және болуға да тиісті емес.

Жыл сайын сан мыңдаған совет адамдары Қырымның, Кавказдың, Прибалтиканың санаторийлерінде және басқа да көптеген курорттар мен демалыс үйлерінде тынығып қайтады. Еңбекшілердің жаз айларында мәдениетті тынығып, көңілді демалуына біздің республикамызда да мүмкіншілік мол. Республикамызда Бурабай, Ауыл, Алма-Арасан, Мойылды, Жаңақорған, Камешкес Плато сияқты курорттар мен санаторийлер және демалыс үйлері жұмыс істейді. Өткен жылы тек біздің облысымыздағы ғана жоғарыда аталған курорттарда, санаторийлерде, демалыс үйлерінде мыңнан астам адам тынығып қайтты. Ал үстеміздегі жылы курорттарда, санаторийлер мен демалыс үйлерінде тынығатын адамдардың саны өткен жылғыдан едәуір көп болғалы отыр.

Еңбекшілердің жазғы айларда мәдениетті тынығып, көңілді дем алуына мәдени-ағарту мекемелері, театр, кино сияқты мәдениет орындары, сондай-ақ физкультура және спорт алаңдары зор роль атқарады. Ал, мұндай орындар біздің облысымызда аз емес. Мұның үстіне көптеген пионер лагерлері бар. Оларда быйыл мыңдаған пионерлер, оқушылар тынығды. Ендігі мәселе жергілікті партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының, кәсіпорындары мен шаруашылық орындары басшыларының еңбекшілердің ойдағыдай тынығуы үшін бұл орындарды жазғы маусымға жан-жақты өзірлей білуінде болып отыр.

Рас, облысымыздың бірқатар мәдени-ағарту мекемелері мен искусство орындары, физкультура және спорт алаңдары жазғы маусымға тығрылықты өзірленуде. Мәселен, облыстық драма театрының коллективі екі бригадалық бөлініс облысымыздың колхоздарына, МТС-тері мен совхоздарына барып, концерттер қоюға қызу өзірлік жүргізіп жатыр. Қалалық мәдениет және тынығу паркінің коллективі парктің үшін өзір-

жұмыстарымен жоспарлады да, екі ұйымдастырмақ қалдырды. Аталған аудандарда мұндай мысалдар некенсаяқ емес.

Колхоздарда құрылыс жұмыстарының нашар жүргізілуіне аудан басшылары да кінәлі екенін айта кету керек. Кейбір аудандардың басшылары колхоздардағы құрылыс жұмыстарының барысын үнемі бақылап, оған басшылық етуден тыс қалып қояды. Ол-ол ма, тиісті аудандық тұтынушылар одағы арқылы колхоздарға бөлінген құрылыс материалдарының талап-таразға түсуіне кейбір аудан басшылары төзімдік жасайды. Өткен жылы колхоздар үшін Совет аудандық тұтынушылар одағына түскен төбе жабатын шиферлерді аудандық сауда қызметкерлері мен бірқатар мекеме басшылары заңсыз алып, өздерінің меншікті үйлерінің төбесін жабуға пайдаланып кетті. Аудан орталығында бұл шиферлермен 35 үйдің төбесі жабылды. Ал, «Борьба за коммунизм», «Ігілік» колхоздарында жаңа салынған астық қоймалары мен мал қораларының төбесі шифердің болмауынан әлі күнге дейін жабылмай тұр. Бұл жағдайлар аудандық Совет атқару комитетіне, оның председатели Живулина жолдасқа әбден белгілі. Не пайда, Живулина жолдас колхоздар үшін келген құрылыс материалдарының орынсыз жұмсалып кетуіне төзімдік жасап келді.

Үстіміздегі жылы колхоздар жаңа құрылыстар салуды бұрынғыдан едәуір көлемдірек жүргізуді жоспарлады. Бұл заңды да. Өйткені өгіншілік пен мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру, мұның үстіне облыс колхоздарына еліміздің басқа елдері мен облыстарынан келіп жатқан жаңадан қоныстанушыларды тұрғын үйлермен толығынан қамтамасыз ету осыны талап етеді.

Жаңа құрылыс салу жөніндегі жоспардың әрбір колхозда толық орындалуын қамтамасыз етуді кәзірден бастап қолға алу керек. Барлық колхозда тұрақтандырылған құрылыс бригадалары болуға тиіс. Бұл бригадаларды басқару ісін тәжірибелі колхозшыларға тапсыру, бригадалардың мүшелеріне құрылыс мамандықтарын үйретуді ұйымдастыру қажет. Құрылыс бригадалары қажетті жабдықтармен, саймандармен, аспаптармен қамтамасыз етілетін болуы керек.

Жергілікті партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық одақтары колхоздардағы құрылыс жұмыстарына жергілікті құрылыс материалдарын тиімді пайдалану жөнінде шаралар белгілеп, оның мұқият жүзеге асырылуын ұйымдастырулары тиіс. Сауда орындары құрылыс материалдарымен—черепицалармен, шиферлермен, өкпен, тағы басқаларымен колхоздарды үнемі қамтамасыз етіп отыруға міндетті.

СОКП Орталық Комитетінің 1954 жылғы июнь Пленумы колхоздарда жергілікті құрылыс материалдарын—құрылыс ағаштарын, кірпіш, өк, шифер, саман, тағы басқаларын дайындауды және жасауды ұйымдастыру қажет екендігін ашып көрсетті. Бұл құрылыс жұмыстарын едәуір тездетуге мүмкіндік береді. Сондықтан аудан, МТС, колхоз басшылары әрбір колхоздың күш- мүмкіншіліктерін толық есептей отырып, құрылыс материалдарын олардың өздерінде өзірлеуді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлуге міндетті.

Бұл уақытқа дейін көктемгі өгіс, егін жыйнау сыяқты қауырт жұмыстар кезінде колхоздарда құрылыс жұмыстары тоқтатылып қойылуы әдетке айналып келгенін жасыруға болмайды. Тиісті бірқатар колхоздардың басшылары бұл сыяқты зиянды әдетке салынып, быйыл да құрылыс бригадаларын толықтыру, оларды жаңадан ұйымдастыру жұмыстарын қолға алмай отырғанын айта кетуіміз керек. Бұл өрине, дұрыс емес. Құрылыс бригадаларын көзірден бастап ұйымдастыру және толықтыру керек, олардың құрылыс жұмыстарын жүргізуге дереу кірісуіне жағдайлар туғызу керек. Әрбір құрылысшының еңбекті өнімді атқаруын қамтамасыз ететін шараларды жүзеге асыру қажет. Сөйтін, үстіміздегі жылы жаңа құрылыстар салу жөніндегі белгіленген жоспардың әрбір колхоз бойынша толық және сапалы орындалуына жетісу керек.

вет Үкмет Делегациясын Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің Бірінші секретары Б. Берут, Поляк Халық Республикасы Мемлекеттік советінің Председатели А. Завадский, Министрлер Советінің Председатели Ю. Цирякевич, Польшаның Маршалы К. Рокоссовский, Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері З. Новак, Э. Охаб, Я. Берман, Ф. Мазур, Ф. Южвек, Р. Замбровский, С. Радкевич, Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің секретары Е. Моравский, Министрлер Советі Председателинің орынбасарлары Т. Гедз, С. Ендриховский, С. Лапот, П. Ярошевич, Сыртқы істер министрі С. Скушевский, Мемлекеттік Советтің секретары М. Рыбидский, Мемлекеттік Советтің мүшелері және басқа ресми адамдар, сонымен қатар астана еңбекшілерінің көптеген өкілдері шығарып салды.

Делегацияны сонымен қатар СССР-ның Польшадағы уақытша елшісі И. А. Мельник бастаған Варшавадағы совет елшілігінің жауапты қызметкерлері, бірқатар мемлекеттердің Поляк Халық Республикасындағы тіркелген елшіліктері мен миссияларының басшылары шығарып салды.

Аэродром СССР-ның және Поляк Халық Республикасының мемлекеттік жалауларымен безендірілді. Шығарып салу кезінде құрметті қарауыл қойылды. Оркестр Совет Одағы мен Поляк Халық Республикасының Мемлекеттік гимндерін орындады.

Аэродромда Б. Берут жолдас пен И. С. Хрущев жолдас сөз сөйледі. Б. Берут жолдас былай деді.

Достық және өзара көмек туралы Поляк-Совет Договорының 10 жылдығымен байланысты Польшаға келген біздің қым-

былдіріп отырған достық сөзімізді, бауырлардың қол алысқанындай қарапайым, әрі шын ниетті достық сөзімізді бейнелеп берді.

Халықтық Польшаның еңбекші бұқарасы, біздің халқымыз советтік бауырларымызға осындай шын пейілді, осындай шын жүректен шыққан сөзімізден жауап беруде. Бізді гитлершіл басқыншыларға қарсы күрескен кезде бірлесіп бастап көшірген ауыртыпалықтар және азат етілген халықтың өзін азат етушіге білдірген туысқандық сөзімізді ғана біріктіріп отырған жоқ. Бізді қырып-бүлінген елді қалпына келтіру ісінде және социалистік қоғам орнату мақсатымен алға басу ісінде бірлесе жұмсалған туысқандық күш-жігер ғана біріктіріп отырған жоқ. Бізді туысқандық қамқорлықтың және елді индустрияландырудың көмек, Ленин атындағы металлургия комбинаты, Мәдениет және Ғылым сарайы сыяқты көмектің айқын мысалдары ғана біріктіріп отырған жоқ. Бізді өткендегі істер ғана емес, сонымен бірге болашақтағы істер де тығыз біріктіріп отыр. Бізді бірлескен қамқорлық пен үміттер, хауіпсіздік пен бейбітшілікті баиянды етуге бірлесіп ұмтылған талаптар, Европадағы және бүкіл дүние жүзіндегі агрессияның қаранып кұштерін ауыздықтауға берік бел байлаған жігер, миллиондаған қарапайым адамдардың жақсы өмір сүруіне жасалып отырған қамқорлық біріктіріп отыр.

Қымбатты достар, сіздерді шығарып сала отырып, біз өзіміздің бүкіл лагеріміздің, бейбітшілік пен социализм лагерінің бірлігін және қуатын бұрынғыдан анағұрлым нығайта түсу үшін күш-жігерімізді аямай жұмсаймыз деп сіздерді өсендіргіміз келеді. Біз барлық совет адамдарына туысқандықпен құттықтаған сәлемімізді және табыстарға жете беруіне

дегациясы атынан менің сіздерге шын жүректен алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер.

Совет және Поляк халықтары біздің елдеріміз арасындағы достық, өзара көмек және соғыстан кейінгі ынтымақ туралы договорға қол қойылуының 10 жылдығын кеңінен атап өтті. Договор жасасудың 10 жылдығы аталып өткен бұл күндер поляк және совет халықтарының шын ниетті туысқандық достығының жаңа, айқын айғағы болды. Совет Одағы мен Поляк Халық Республикасы арасындағы достық пен өзара ынтымақтың өз халықтарымыздың игілігіне күннен күнге бұрынғыдан анағұрлым өрістен, нығая беретініне біз көміл сенеміз.

Біздің елдеріміз арасындағы достық, социализм және демократия лагеріндегі барлық елдердің достығы, ынтымағы және топтасқандығы біздің мемлекеттеріміздің ұлттық тәуелсіздігі мен хауіпсіздігінің сенімді кепілі, халықтар арасында бейбітшілікті нығайту ісіндегі маңызды шарт болып табылады.

Сіздердің меймандос елдеріңізден келіп бара жатып, халықтық Польша жұмысшыларының, шаруаларының және интеллигенциясының Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының басшылығымен шаруашылық және мәдениет құрылысында өздерінің жанқиярлық еңбегімен зор табыстарға жеткеніне біздің қуанатынымызды тағы да білдіргіміз келеді.

Поляк халқының социализм орнату жолында жаңа табыстарға, жаңа жеңістерге жете беруіне шын жүректен тілектеспіз.

Туысқан поляк халқы жасасын! Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Поляк Халық Республикасы халықтарының мызғымас достығы жасасын!

Совет Үкмет Делегациясының Варшавадан Москваға қайтып келуі

Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Поляк Халық Республикасы арасындағы достық, өзара көмек және соғыстан кейінгі ынтымақ туралы договордың 10 жылдығын мейрамдауға қатысу үшін Варшаваға барған, СОКП Орталық

Комитетінің Бірінші Секретары Н. С. Хрущев бастаған Совет Үкмет Делегациясы 26 апрельде Москваға қайтып келді. Делегацияның құрамында Совет Одағының Маршалы И. С. Конева, Украина КП

Орталық Комитетінің секретары О. И. Иващенко, белорус ақыны Максим Танк және Литван ССР Ғылым академиясының президенті Ю. Ю. Матулик бар.

(СОТА).

ССРО ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ПЕКИНГЕ КЕЛУІ

ПЕКИН, 26 апрель. (СОТА). Қытай Халық Республикасы Ғылым академиясының шақыруы бойынша Ғылым академиясының вице-президенті И. П. Бардин бастаған ССРО Ғылым академиясының делегациясы бүгін Пекинге келді. Делегацияның құрамында белгілі совет ғалымдары: академиктер И. П. Герасимов, М. И. Костенко, А. Г. Бетехтин, ССРО Ғылым академиясының мүше-корреспонденттері В. В. Белоусов, Е. Н. Мишустин,

И. В. Танаев және басқалары бар. Пекин вокзалында совет ғалымдарының делегациясын Қытай Халық Республикасы Ғылым академиясының вице-президенттері Чань Бо-да, Чжан Цзя-фу, Чжу Ба-чжэнь, У Ю-сюнь, шетелдермен мәдениет байланысының Қытайлық халық қоғамы председателинің орынбасары Хун Шань, Пекин мәрінің орынбасары У Хань, ССРО-ның Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Полномоче-

лі Елшісі П. Ф. Юдин, Пекиннің ғылыми және мәдени топтарының өкілдері қарсы алды.

Қытай Халық Республикасы Ғылым академиясының вице-президенті Чжу Ба-чжэнь совет ғалымдарының делегациясын жылы жүзбен құттықтады. ССРО Ғылым академиясы делегациясының басшысы академик И. П. Бардин жауап сөз сөйледі.

жұмысында өздерінің жүргізетін жұмыстарының жоспарын жасап, оны орындауға кірісті. Солардың бірі — Ленин ауданындағы Александровка селолық клубы. Бұл клубтың коллективі өгіс бригадаларын мәдениетті қамтуда. Қорықмәнерпаздар үйірмесі колхозшыларға арнап концерттер қояды. Бригадаларда кітапханалар ұйымдастырылған. Оларда газет, журнал, кітап, мәдениет құралдары жеткізілді.

Еңбекшілердің жақсы тынығуы үшін өзіндік жұмыстарын жүргізіп отырған бұлар сыяқты мәдени-ағарту мекемелері және искусство орындарымен бірге өз жұмысын тыңғылықты ұйымдастыра алмай отырған мәдени-ағарту мекемелері, физкультура және спорт алаңдары да жоқ емес. Үстіміздегі жылы облысымызда физкультура және спорттың бірнеше түрлерінен аудандық, қалалық, облыстық және облысаралық жарыстар өткізілді. Мәселен, Көкшетау, Павлодар, Қостанай облыстарының футболшылар командалары біздің қалаға келіп, облыс футболшыларымен кездеседі. Бірақ бұл сыяқты жарысқа қаладағы стадиондардың біразы әлі өзір емес.

«Энергия» ерікті спорт қоғамының стадионы — қаладағы ең жас, соңғы жылдарда ашылған стадиондардың бірі. Алайда, стадионды қамтытын завод басшыларының ұқыпсыздығынан стадионның спорт залының едені, трибунаның отырғыштарының көбі сынған. Бүтін деген отырғыштардың өзі төгісіліп, сүргіленбеген. Трибунаның дңректерін смола майымен майлағандықтан ол жаз күндері ырып, адамдардың климін бүлдіреді. Стадионның осындай қолайсыздықтары бола тұрса да, оны жоюға облыстық, қалалық физкультура және спорт комитеттерінің председателдері Кәдіров, Данилов жолдастар нақтылы басшылық етпейді.

Жасыратыны жоқ, облысымыздың бірқатар мәдени-ағарту мекемелері, қалалық «Ударник» және «Октябрь» кинотеатрлары, балалар паркі мен теміржолшылар паркі осы уақытқа дейін жазғы маусымға дайын емес. Мұндай кемшілік мәдениет және тынығу паркіне де жоқ деуге болмайды. Быйыл бұл парке республикамыздың 16 облысынан классикалық күрестің мастерлері келіп, күрес жарысын өткізеді. Бірақ бұған парктегі цирк залы дайын емес. Оған әлі көп жөндеу жұмыстарын жүргізу керек.

Қала еңбекшілері жаз айларында Есіл өзенінің жағалауларында, Қарғалы аралында, Пестрое көлінің жағасындағы орманда тынығады. Сондықтан бұл орындарды да кәзірден бастап еңбекшілердің мәдениетті тынығуына лайықтап жөндеп, тазарту керек. Пестрое көлінің төңірегінде тынығу үйін ашу қажет. Бұл — толғағы жеткен мәселе.

Жаз айларында облысымыздың аудандары мен қаласында тынығатын орындар — парктер, стадиондар, театрлар, клубтар, оқу үйлері, табиғаты сұлу Есіл, көл жағалаулары, орман алқаптары дедік. Сондықтан бұл орындарды еңбекшілердің тынығуына барлық жағынан мұқият өзірлеу, әсіресе, партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдары, еңбекшілер және шаруашылық орындары басшыларының кәзіргі маңызды міндеттерінің бірінен саналады.

Балалар — біздің болашағымыз, коммунизмнің келешек белеңді құрылысшылары. Балалардың, сондай-ақ жұмысшылардың, колхозшылардың, қызметшілердің курорттарда, санаторийлерде, демалыс үйлерінде, пионер лагерлерінде мәдениетті тынығу қайтуына күнбе-күн көңіл бөліп отыру — жоғарыда аталған орындардың ардақты борышы.

Облыс еңбекшілерінің жазғы демалысын көңілді ұйымдастырайық, сөйтін, еңбекшілердің ден саулығы барықша жақсара беруіне, олардың коммунистік құрылыста белсене еңбек етулеріне қамқорлықты күшейте берейік!

КОМСОМОЛ ТҮРМЫСЫ

Жұмысы әлсіреген ұйым

Облысымыздағы ірі астық қабылдау пункттерінің бірі — Петропавл элеваторы. Онда жұмыс істейтіндердің көпшілігі комсомолецтер мен одақта жоқ жастар. Элеватордың комсомол ұйымында 38 мүше бар. Олардың бірқатары бұл күндері Бірінші май мерекесі алдындағы социалистік жарыста жаңа табыстарға ие болуда. Мәселен, БЛЕЖО мүшелері Борис Сероштан, Николай Евдокимов, Вера Воробьева жолдастар және басқалары күндік тапсырмаларын екі-үш есе орындайды.

Егер комсомол ұйымы жастар арасындағы жұмысты пәрменді ұйымдастырып, озаттардың тәжірибесін жалпының игілігіне үнемді айналдырып отырса, олардың өндірістік табыстары анағұрлым жоғары болар еді. Міне, өңгіме осы жөнінде болғалы отыр. Өткен жылдың басында бес адамнан комитет құрылды. Рас, алғашқы кезде комитет өз жұмысын айтарлықтай жолға қоя білді. Комсомолецтерді жұмыстың жауапты участоктеріне бөлді. Комсомолецтермен жиі-жиі өндірістік кеңестер, кезекті комсомол жыйналыстарын өткізіп отырды.

Бірақ бұл жағдай ұзаққа созылмады. Комитет секретары Петр Бородин БЛЕЖО мүшелерімен жұмыс істеуді тиісті естен шығарды. Комсомолдың соңғы жыйналысы 1954 жылы декабрь айында өткізілді. Ол жыйналыста жаңа жылға әзірлік және комсомолецтердің өндірісеті белсенділігі туралы мәселе қаралды. Содан бері төрт айдан астам уақыт өтсе де, БЛЕЖО мүшелерімен ешқандай жұмыс жүргізілмеуі қынжыларлық ақ іс.

Элеваторда Украинадан, Рязань облысынан және басқа да туысқан республикалардан келген бірнеше комсомолецтер бар. Бірақ олардың көпшілігі ұйымның есебіне де алынбаған. Жаңа келген жұмысшыларға қажетті тұрмыстық жағдай тұрғызылмаған. Қысқы жылы киімдермен, тұрақты үймен қамтамасыз етуде де көп кемшіліктер бар. Элеватордағы жұмысшылардың барлығы өз киімдерімен жұмыс істейді. Ал қоймада арнаулы жұмыс киімдері пайдаланылмай, босқа жатыр. Электромоторлар мен механизмдер темір немесе ағаш торлармен қоршалып, техникалық қауіпсіздік жасалмаған. Ал комсомол ұйымы бұл кемшіліктер жөнінде элеватор директоры мен жергілікті жұмысшылар комитетінің алдына мәселе қояды да ұмыт қалдырған.

Элеватордың барлық бөлімшелерінде жұмыс істейтін одақта жоқ алдыңғы қатарлы жастар көптеп саналады. Мысалы, Спицин жолдас басқаратын бригада коллективі түгелдей одақта жоқ жастардан құралған. Бригада коллективі күндік нормаларын екі-екіжарым есеге дейін орындайды. Демек, ұйымның құрамын өндіріс озаттары есебінен толықтырып

сөмолец. Ол бізбен әңгімелескенде былай деп мәлімдеді:


—Бес айдан бері өткізілген бірде-бір комсомол жыйналысын, немесе мүшелік жарна жыйнаған секретарды көрмедім. Осы сияқты, лекция да, баяндама да тыңдаған жоқпыз. Айта берсеңіз, жұмысшыларға арналып ашылған қызыл мүйіс үйі де біздерге ешқандай әсер еткен жоқ. Оның не үшін ашылып, не үшін жұмыс істемей отырғанын өзіміз де білмейміз. Артық сөз айтпай, сіздерді сол қызыл мүйіс үйімен таныстырсам да жеткілікті болар, —деп кейіді ол.

Шынында да қызыл мүйіс үйі ашылыпты. Жұмысшылар өздерінің бос уақыттарын осында өткізуге, онда лекция, баяндама, түрлі кештер өткізуге толық жарайтын сияқты. Ама! не, оның ішкі көрінісі бізді қайран қалдырды. Қызыл мүйіс қабырғаларына екі-үш плакат, бір-екі портрет қана ілінгеннен басқа түк жоқ. Едені лас, бидай дәні мен шарылған күнбағыс қабықтары шөп-шаламмен араласып, былығып жатыр. Орындар да жеткіліксіз. Стол үстінен шахмат, газет, журналдарды көре алмайсыз. Біз қасымыздағы бір жас жұмысшыдан мұның мәнісін сұрадық.

—Таңданатын түгі де жоқ, — деді Евдокимов жолдас, —бізде бәрі де бар. Баян да, шекті аспаптар да, шахмат та, дойбылар да, күнделікті газет, журналдар да бар. Бірақ олардың барлығы мұнда емес, директордың кабинетінде жатыр. Бұл туралы директор жолдастан «мұның мәнісі қалай» деп талай рет сұрағанымызда: «сендерге жазір сауық емес, жұмыс істеу керек» деп келте қайырды. Ал біз жұмыстан соң бос боламыз. Ол бос уақытты қайда, қалай өткізуді де білмейміз, —деп Евдокимов жолдас та Сероштан жолдасының пікірін қолдады.

Элеватордағы бастауыш комсомол ұйымының жұмысы бетімен жіберілгені қалалық комсомол комитетіне және оның бірінші секретары Шәкіров жолдасқа да өбден белгілі. Тиісті Шәкіров жолдасының өзі бұдан біржарым ай бұрын осы элеваторда болып, комсомол ұйымының жұмыс жағдайымен толық танысқан да болатын. Комсомол комитетінің секретары Бородин мен сөйлесіп, өзінің жалпылама нұсқауларын да берген. Бірақ мұнан кейін ұйымның жұмысында қандай өзгерістер болды, кемшіліктер жойылды ма— міне, осы мәселелер жөнінде оның жұмысы да болмады.

Үстіміздегі жылы облысымыздың колхоздары мен совхоздарында тың және тыңайған жерлердің мол игерілуімен байланысты жыйналатын астықтың мөлшері де өткен жылғыдан шамамен алғанда бес есе артады отыр. Астықтың мол жыйналуы элеватор коллективінен орасан



Павлодар облысының колхоздары бір миллион гектар тың және тыңайған дағы МТС-тің механизаторлары облыста Э. Пфейфер басқарған № 7 трактор рошилов атындағы колхоз даласында ақ смена сайын екі-екіжарым норма СУРЕТТЕ: № 7 бригададағы тракторшы Г. Гайтемировтың агрегаты

мен совхоздары үстіміздегі жылы бір жер игереді. III-Интернационал атындағы көтеруге бірінші болып шықты. бригадасы Павлодар ауданындағы Во рошилов атындағы колхоз даласында орындап жүр.

СУРЕТТЕ: № 7 бригададағы тракторшы Г. Гайтемировтың агрегаты

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

ССРО Ғылым академиясында «Т. С. Мальцевтің тәжірибесін зерттеу»

ССРО Ғылым академиясының Шадринск экспедициясы Мальцево селосына баруға әзірленуде, бұл экспедиция топырақты Т. С. Мальцевтің әдісімен өңдеуге байланысты ғылыми мәселелерді шешу жолында екі жыл бойына жұмыс істеп келеді. Экспедицияның басшысы, ССРО Ғылым академиясының топырақ зерттеу институтының директоры академик Н. В. Тюрин СОТА-ның тілшісімен әңгімесінде мынаны айтты:

—Колхоз ғалымы Т. С. Мальцев ғылымның алдына жаңа міндет қойды. Оның негізгі агротехникасын ғылыми жағынан негіздеуді, сол сияқты «Завета Ленина» колхозы жанындағы Шадринск тәжірибе станциясының тақырыптық жоспарын қарауды өтініп, оның ССРО Ғылым академиясына жазған хатына ССРО Ғылым академиясының топырақ зерттеу институтының, өсімдіктер физиология институтының және басқа биологиялық мекемелерінің коллективтері де қызу үн қосты.

Атап айтқанда, жаңашыл—егін мамыны мынаны білгісі келеді: топырақты өңдеудің ол жаңадан ұсынған системасы мен ауылшаруашылық дақылдарын іріктеп алу топырақтың құрылымына, органикалық заттардың піру процесіне, сол сияқты өсімдіктердің қуаңшылыққа төзімділігіне қалай әсер етеді, станцияның

өсімдіктерді «суару» қабілетіне ерекше назар аударды. Жаздың бас кезінде жаңбыр аз жауатын Оралдың сырты сияқты аудандар үшін бұл негізгі мәселе болып табылады. Топырақты өңдеудің ескі және жаңа әдістері қолданылып, әртүрлі егін егілген топырақтың су режимінің салыстырмалы деректеріне талдау жасау топырақта ылғал жыйнау жағынан Т. С. Мальцев әдісінің артықшылығы бар екенін көрсетті.

Экспедицияға қатысушылар топырақты баптаудың әртүрлі әдісі қолданылғанда біржылдық шөптердің тамыр системасы қалай тарап, өсетінін байқады. Көнетеген байқаулар мынаны көрсетті: дискіленгенде бидайдың тамырлары жақсы өседі және жыл сайын көдімгі әдіспен жыртылғандағыдан гөрі топырақтың бетіне жақындық болады. Бұл әсіресе қуаңшылық жылдары байқалады.

Агрохимиялық байқаулар мынаны көрсетті: шымы аударылмастан топырақ терең қопсытылғаннан кейін ол келесі жылы егін егу үшін көдімгі агротехника қолданылып, топырақтың шымы аударылғандағыдан гөрі азот, фосфор және калий сияқты қоректік заттармен анағұрлым байып түседі. Дискіленген тыңға егілген өсімдіктердің қуаңшылыққа төзімділігі де анағұрлым жоғары болып шықты.

Көзіргі уақытта топырақты өңдеудің Орал сыртының жағдайында өте тиім-

ССРО Жоғарғы Советі Президиумында

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы 1955 жылғы 25 апрельде (1954 жылғы 2 декабрьде Тегеранда қол қойылған шекара және финанстық мәселелерді реттеу жөнінде ССРО мен Иран арасындағы келісімді бекіту туралы ССРО Министрлер Советінің ұсынысын талқылады.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мәжілісінде келісім туралы ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов баяндама жасады.

Одақ Советінің сыртқы істер жөніндегі комиссиясының председателі М. А. Суслов Одақ Советі мен Ұлттар Советінің сыртқы істер жөніндегі комиссиялары

келісімді мақұлдап, ССРО Жоғарғы Советінің Президиумына оны бекітуге ұсына- тындығын хабарлады.

В. М. Молотовтың баяндамасын және Одақ Советі мен Ұлттар Советінің сыртқы істер жөніндегі комиссияларының қорытындысын талқылап, ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы ССРО Министрлер Советі бекіткен және сыртқы істер жөніндегі комиссиялар мақұлдаған Тегеранда 1954 жылғы 2 декабрьде қол қойылған шекара мен финанстық мәселелерді реттеу жөніндегі Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Иранның арасындағы келісімді бекітті.

Төрт державаның Австрия катыстырылатын кеңесін шақыру туралы

Бұдан бұрын хабар етілгеніндей, 19 апрельде Совет Үкметі АҚШ, Франция және Англия үкметтеріне нота жолдады, бұл ноталарда тәуелсіз, демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы мемлекеттік договор жасасу жайында мәселе қарау және бұл договорға қол қою үшін, Австрияның өкілдерін қатыстыра отырып, таяудағы уақытта АҚШ, Франция Англия және Совет Одағы Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыруды ұсынды.

22 апрельде АҚШ үкметінен жауап нота алынды, оның төбесті төменде жарияланып отыр:

«Тәуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы мемлекеттік договор жасасу жайында мәселе қарау және бұл договорға қол қою үшін, Австрияның өкілдерін қатыстыра отырып, Құрама Штаттардың, Біріккен корольдіктің, Францияның және Совет Одағының Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы ұсыныс жасаған Совет Үкметінің 19 апрельдегі нотасын Құрама Штаттар үкметі ағылшын және француз үкметтерімен консультация алыса отырып, қарап шықты.

Америка Құрама Штаттарының үкметі көзіргі уақытта Австриямен мемлекеттік договор жасасуға мүмкіндік бар деген Совет Үкметінің пікіріне мақұлдағандықпен қарайды. Ол договорға қол қою үшін Австрияның өкілдері қатыстырылған төрт державаның Сыртқы істер министрлерінің кездесуіне мүмкін болатын таяудағы уақытта ылдаспен қатысады.

Москвада Австрия және Совет министрлері арасында жүргізілген келіссөздер жайында АҚШ үкметі алған хабардан әлі де кейбір өзіндік жұмысын жүргізу қажет екенін көріп отыр. 5 апрельдегі үш жақты декларацияны еске сала отырып, ол Москвада жүргізілген келіссөздердің нәтижелерін зерттеу үшін Сыртқы істер министрлерінің мемлекеттік договорға неғұрлым тез қол қою мақсатымен қажет-

үкметінің 22 апрельдегі нотасын алғанын ССРО Үкметі растайды.

Австрия мемлекеттік договорын жасау үшін, Австрияның өкілдерін қатыстыра отырып, төрт державаның—ССРО-ның, АҚШ-тың, Англияның және Францияның Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне таяудағы уақытта қатысуға Америка Құрама Штаттары үкметінің келісіп отырғанын ССРО Үкметі қауқаттанғандықпен есіне алады. Совет Үкметі бұл кеңес, Москвада Австрия және Совет жақтары арасында жүргізілген келіссөздердің нәтижелерін ескере отырып, Европада бейбітшілікті нығайту мүдделері үшін, Австрия мәселесін реттеу ісін аяқтауға мүмкіндік береді және демократиялық Австрияның тәуелсіздігін толық қалпына келтіруге мүмкіндік тудырады деп үміттенеді.

Совет Үкметі көзіргі жағдайда Венада елшілердің кеңесін шақыру Австрия мәселесі жөнінде қажетті келісімге жету-дің ең тәте жолы болып табылады деген пікір ұстап отырған жоқ, өйткені бұл мәселені таяудағы уақыттың өзінде төрт державаның Сыртқы істер министрлерінің Австрия қатыстырылатын кеңесінде қарап, шешуге толық мүмкіндік бар. Бірақ Америка Құрама Штаттарының үкметі «кейбір өзіндік жұмысын жүргізу» үшін елшілердің осындай алдын-ала кеңесін шақыру қажет деп ойлап отырғандықтан, Совет Үкметі Америка Құрама Штаттары үкметінің бұл тілегін қарсы алуға әзір. Соның өзінде ССРО Үкметі мынаған сүйенеді: тәуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы мемлекеттік договордың тиісті жақтар арасында келісілген жобасы болған күнде, сонымен қатар Австрияны тәуелсіз және бейбітшіл мемлекет ретінде өркендету жайында мүдделі жақтардың көзқарастары бір жерден шығып отырғаны пікірлер алысу нәтижесінде айқындалған күнде, елшілер кеңесінің міндеті—

—Комсомолға мүше алу үшін көп жұмыс істеу керек қой. Оларды комсомолға әзірлеу, тәрбиелеу керек. Оның өзі көп жұмыс емес пе, —дегенді айтады ол. Осыған қарағанда, Бородин жолдасты жастардың жетекшісі деп білу қыйын. Ол жастарға жетекші болу дәрежесінен әлдеқайда төмен жатыр ғой деп ойлаймыз.

Элеваторға келген жас комсомолецтердің арасындағы жұмыс та бетімен жіберілген. Үн қоймасында жүк тиеуші болып істейтін Борис Сероштан жолдастығын Кировград облысы Малай-Виска элеваторынан мұнда келгеніне бір жыл ғана болады. Б. Сероштан жолдас еңбекте үздік болып, сменада 21 тонна үн тиеу орнына, 60—70 тонна үн тиеді. Ол жолдастары арасында да өзінің қарапайымдылығымен, адалдығымен зор құрметке ие болған ком-

сомолецтер жүргізуде талап етеді. Астықты тез қабылдау, транспортты тоқтаусыз жөнелтіп отыру, сонымен бірге қойма ішіндегі астықтарға ауа кіретін желдеткіштер орнату, астық тиелегін вагондарды тез толтырып, оның көп тұрып қалуына жол бермеу, барлық механизмдер мен техникалық жабдықтарды өнімді пайдалану сыяқты жұмыстарды мұқиятсіз ұйымдастыру керек.

Әрине, бұл жеңіл жұмыс емес. Осы жұмыстарды жүргізуде комсомолецтер алдыңғы сапта болып, шешуші роль атқаруға тиіс. Ол үшін комсомол ұйымының топтасқан берік күшті коллективі болуы керек. Ең алдымен ұйымның ішкі жұмысы мейлінше жақсартылып, оның жұмысындағы кәсіргі кемшіліктерді дереу жою қажет.

К. ЕСІМОВ.

Комсомолецтер күшімен

Калинин атындағы колхоздың (Петропавл ауданы) комсомолецтері СОБП Орталық Комитеті январь Пленумының «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы» қаулысымен жігерлене отырып, колхоз экономикасын шұғыл алға бастыру жөнінде қажырлылықпен еңбек етіп келеді.

Бұл колхоздың БЛЕЖО мүшелері мен одақта жоқ жастары қыстың басында аудан комсомолецтері мен жастарына арнап, егіс алаңдарына қар тоқтатуға, қар суын бөгеуге және минералды тыңайтқыштар мен жергілікті тыңайтқыштарды өгістік алаңдарға тасып жеткізуге, сол сыяқты шымтезек-шірінді құмыралар жасауға шақырып, үндеу қабылдады.

Калининдіктердің бұл бағалы бастамасын ауданның барлық комсомолецтері мен жастары қызу қолдады. Колхоздардың барлығында қысқы агротехникалық жұмыстарды жүргізу жөнінде арнаулы звенолар ұйымдастырылды. Ал Калинин атындағы колхоздың комсомолецтері ау-

дан комсомолецтері мен жастарына арнап үндеу қабылдағанның ертеңіне-ақ қызу жұмысқа кірісті. Қысқы агротехникалық жұмыстарды басқару ісі комсомол ұйымының секретары Лыткинаға және комсомолец Синенко жолдастарға тапсырылды.

Істің жайы көзін мынаны көрсетіп отыр. Жоспар бойынша әзірленуге тиісті 100 мың шымтезек-шірінді құмыралар жасау орнына 153 мың дана етіліп әзірленді. 100 центнер құс саңғырығын әзірлеу орнына 290 центнер құс саңғырығы жыйналды. Егістік алаңдардың барлығына қар тоқтатылып, көзін қар сулары бөгелуде. Осы жұмыстарды жүргізуде, әсіресе комсомолецтер Зырянов, Худяков, Дударова тағы басқа жолдастар ерекше көзге түсті.

Колхоз комсомолецтері мен жастары егіннен мол өнім алу үшін күреске қыс кезінде жүргізген агротехникалық жұмыстарымен өз үлестерін қосты.

З. ҚАСКЕЕВ.

Комсомолецтер жексенбілігі

Омбы темір жол басқармасы темір жол бөлімше жұмысшыларының барлығына іске жарамсыз деп далада жатқан металл сынықтарын жыйнап, домна пештеріне жөнелту жөнінде ұсыныс жасады. Бұл ұсынысты Петропавл паровоз депосының комсомолецтері мен одақта жоқ жастары қызу қолдап, металл сынықтарын жыйнау жұмысын жүргізуде. Бұрнағы күні ұйымдастырылған жексенбілікте депо комсомолецтері мен одақта жоқ жастары 200 тоннадан астам металл сынықтарын жыйнады.

Жексенбілікте әсіресе механикалық цехтың комсомолецтері мен одақта жоқ жастары ерекше көзге түсті. Цех комсомолецтері металл сынықтарын жыйнау

жексенбілікте төрт мың килограмм орнына, төрт мың бес жүз килограмм металл сынықтарын жыйнап өткізді. Металл сынықтарын жыйнауға әсіресе Сергеев, Рыгин, Усенцев, Ысқақов тағы басқа көптеген жолдастар көзге түсіп, оларға алғыс жарияланды. Бұл жыйналған 4500 килограмм металдан бір цистерна бөпкесін, немесе бірнеше цилиндрлі бу бөлгіштер жасауға болады. Ал жалпы депо бойынша жыйналған 200 тонна металл сынықтарынан бірнеше вагонның бөлдіктерін, паровоз жетектерін жасап шығаруға мүмкіндік беріп, домна пешінде рудадан бөлініп алынған темірге қарағанда үш есе арзанға түседі.

Н. ЕСЕТОВ.

қойылған міндеттерге сай келе ме?

Т. С. Мальцевке ғылыми-методикалық көмек көрсету үшін және оның жұмысының нәтижелерін жыйнақтап, тарату үшін ССРО Ғылым академиясының Шадринск экспедициясы ұйымдастырылған болатын. Оның құрамына топырақ зерттеу институтынан—профессор А. В. Соколов, профессор Н. А. Качинский, ауылшаруашылық ғылымының кандидаттары Н. Н. Никаноров, П. У. Бахтин, өсімдіктер физиологиясы институтынан—профессор П. А. Генкель, микробиология институтынан—профессор Е. Н. Мишустин және біршыра басқа ғылыми қызметкерлер мен консультанттар енгізілді.

Экспедиция екі маусым ішінде Шадринск колхоздың тәжірибе станциясы орналасқан жердің табиғат жағдайларын зерттеді. Ғалымдар станция егістіктерінің топырақ картасын жасады, ол станцияның қарамағына берілді.

Ғалымдар топырақты жаңа система бойынша өңдегендегі оның су режиміне, яғни топырақтың ылғады сақтап қалып, жаздың құаңшылық кезеңінде

ді жаңа системасы табиғаттың ерекшеліктері. Орал сыртындағы жағдайдан өзгеше болуы ықтимал басқа өңірлерде кезінен сыналып жатқан уақытта экспедицияның жұмысын онан әрі жүргізудің ерекше маңызы бар. Топырақты өңдеудің жаңа системасын әр жердің ерекшеліктерін ескере отырып, қолдану үшін ең алдымен агротехниканың осы әдісін қолданғанда топырақта болатын биологиялық процестерді әбден айқын білу керек болады.

Быйлығы жылы әртүрлі тыңайтқыштар, әсіресе жай суперфосфат және түйіршектелген суперфосфат қолданып тәжірибе жасау жобаланып отыр. Зерттеулер дәлелденгеніндей, Шадринск жерінің топырағында өсімдіктер жеңіл сіңіретін фосфор жеткіліксіз екені байқалды. Мұнымен бірге ауа райының жағдайы әртүрлі болғанда егін орналастырылған топырақты ылғалдандыруда жер астындағы судың атқаратын ролі туралы мәселе онан әрі анықтауды талап етеді.

(СОТА).

Куйбышев су құрылысшыларының заңы мерзімінен бұрын орындалды

ОРАЛ, (ҚазТАГ). Куйбышев құрылысшылары жуырда Оралдың арматур заводның коллективіне хат жазды. Онда былай делінген:

«Куйбышевгидростройдың» басшылығы, партия және кәсіподақ ұйымы Оралдың арматур заводның коллективіне хат жаза отырып, олардан партия мен үкметтің дүние жүзіндегі ең қуатты су электр станциясы—Волгада салынып жатқан су электр станциясын 1955 жылы іске қосу жөнінде қойған міндеттерін орындап шығаруымызға көмектесуді өтінеді. Біз апрельде 70 конденсациялық ыдыс жөнелтуді өтінеміз».

Завод коллективі бұл құрметті тапсырманы орындауға жігерлілікпен кірісті. Заказ орындаумен шұғылданып жатқан

қалыпшы Щербак, слесарьлар Горючкин мен Шеликов, токарь Седов жолдастар және басқа өндірісшілер еңбек өнімділігін екі есе арттырды. Тұтас сменалар жоғары еңбек өнімділігіне жету үшін жарысты.

Қала кәсіпорының цехтарына құанышты хабар тарады—су құрылысшыларының заңы мерзімінен бұрын орындалды, оларға арналған барлық өнім үздік бағамен қабылданды. «Куйбышевгидростройға» арнап жылдық тапсырманың есебіне шығарылған конденсациялық ыдыстардың соңғы тобы жөнелтілді.

Арматурщиктер мұнымен қатар Куйбышев СЭС-не Дудь задвижкаларын жөнелту жөніндегі жылдық тапсырманы да мерзімінен бұрын орындады.

Жүгері егісіне жер жырту

ӨСКЕМЕН, (ҚазТАГ). Заульба МТС-нің Чкалов пен Подойников жолдастар басқарған трактор бригадаларының механикаторлары Киров ауданының Киров атындағы колхозында жүгері егісіне жер әзірлеуде. Быйыл колхоз 600 гектар жүгері егуді ұйғарды. Бүкіл егіс көлемінен мол өнім алу үшін ауылшаруашылық артелі жүгері егуге тың жерлерді, сондай-ақ отамалы дақылдардан босаған күн неғұрлым жақсы қыздыратын жерді бөлді. Топырақта ылғады неғұрлым жақсы сақтау үшін механизаторлар жерді ылғылға

кесе-көлденең бағытпен 25—27 сантиметр перендікпен жыртуда. Көздің өзінде 200 гектардан аса жер жыртылды. Егіс басталғанға дейін топырақ екі рет культивацияланады.

Предгорная, Уба және басқа МТС-тер қамтытын колхоздар жүгері егілетін жерлерді жыртуда. Жылылық сүйетін бұл дақылға барлық жерде арашөбі жоқ, оңтүстік және оңтүстік-батыс беткейде орналасқан бөктер учасқтар, сондай-ақ суық жел болмайтын алқаптар мен өзен бойындағы жерлер әзірленуде.

жасалғандарға жету үшін төрт держава-ның елшілері ең таяудағы уақытта Австрия өкілдерінің қатысуымен Венада кездесетін болсын деп ұсынады. Сондықтан ол елшілер Австрияның өкілдерімен бірге Венада 2 майда кездесіп деп ұсынады.

Қажетті әзірлік аяқталғаннан кейін іле-шала, Сыртқы істер министрлерінің кездесуі және договорға қол қою үшін іс жүзінде мүмкін болатын таяудағы мерзімді белгілеу керек».

Сонымен қатар Великобритания үкметі мен Франция үкметінен де мазмұндары осындай ноталар алынды.

26 апрельде Совет Үкметі АҚШ үкметіне мынадай мазмұнды нота жолдады:

Совет Үкметінің осы жылы 19 апрельдегі нотасына берілген жауап болып табылатын Америка Құрама Штаттары

рау және оған қол қою үшін төрт держа-ваның Сыртқы істер министрлерінің Австрия қатыстырылатын кеңесін таяудағы уақытта шақыруды қамтамасыз ету болады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, Совет Үкметі төрт держава елшілерінің жоғарыда көрсетілген кездесуі Венада 2 майда өткізілісін депенге өзінің қосылатынын білдіреді.

Текстері осындай ноталар Великобритания үкметі мен Франция үкметіне де жіберілді.

Сол күні Совет Үкметінің жоғарыда келтірілген, үш батыс держава үкметтеріне жолданған нотасының көшірмесі Австрия Республикасының Москвадағы Елшісі Н. Бишофф мырза арқылы Австрия үкметіне тапсырылды.

Жаңа астық совхоздарындағы баулар

Қазақстанның тың жерлеріне Украинадан, Молдавиядан және Грузиядан келген жаңадан қоныстанушылар: мұнда алма есе ме? деген сұрақ қояды. Көкшетау, Ақмола облыстарының даласында құрылған жаңа астық совхоздары өткен жылы 100 гектардан аса жерге бау ағаштарын отырғызғанын, жас алма ағаштарының бәрі де жақсы өскенін білгенде олардың жүзі құанышқа бөленеді. Көкшетау облысының Бірлік астық совхозы тыңда үзкен бау жасады. Мұнда осы облыстың Чернигов астық совхозы бауға арнап 25 гектар жер бөлді, 18 гектар жерге көздің өзінде бау жасалды. Ақмола облысының Маринов астық совхозының жаңадан қоныстанушылары жеті жерде жеміс бауын жасалы.

Қазақстанның тың және тыңайған жерлерінде ұйымдастырылған 337 жаңа астық совхоздарының бәрі де көзін бау және жемістіктер өсіруге әзірленуде. Бау ағаштарын отырғызуда басшылық ету үшін тәжірибелі бригадирлер бөлінді. Олар Қарағанды облысы, Осакаровка ауданының XIX партсъезд атындағы колхозының бағбаны, 20 жыл бұрын 60 гектар тың учасқта тамаша бау өсірген волгалық Николай Измайлұтың және бұл жерге Украинадан келген солтүстікқазақстандық бағбан Трофим Батеханың жұмыс тәжірибесін кеңінен пайдалануда.

Жылжымалы дәнтүйгіш

НАВЛОДАР, (ҚазТАГ). Галкин ауданының Калинин атындағы колхозының товарлы-сүт фермасына дағдыдан тыс агрегат жеткізілді. Трактормен жылжытылатын егіс будкасында комбайн моторы және бұрын колхозда астық тартуға пайдаланылып келген кішкентай дүірмен орнатылған. Бұл—жылжымалы дәнтүйгіш. Оны монтаждаған Чигирин МТС-інің механизаторлары. Жылжымалы дәнтүйгіш сменасына 25 центнерге дейін дән түйеді.

Республикамыздың оңтүстігінде бау ағаштарын отырғызу көздің өзінде басталды. Мемлекеттік жеміс ағаш питомниктері совхоздарға алманың «апорт» және басқа сорттарының жүз мыңнан аса шыбықтарын сатты. Солтүстікте алманың сибирьлік сорттары мен Россияның орталық аймағында өсетін сорттарының шыбықтары Омск, Курган, Челябинск облыстарынан әкелінуде. Омск облысы бағбандарының өзі ғана көршілеріне арнап 130 мың шыбық бөлді.

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының қазақ филиалының өгіншілік институтының жеміс бөлімі жаңа астық совхоздарына арнап 25—30 гектарлық бау жасаудың типтік жобасын белгіледі. Жобаға қоса жеміс ағаштарының түрлері мен сорттарын отырғызу мен орналастырудың, егін қорғайтын орман алқаптарын жасаудың ережелері, бау өсірудің агротехникасы туралы нұсқау берілді. Әртүрлі табиғат аймақтарына арнап сол жағдайға мейлінше көніктірілген жеміс және жидек дақылдарының түрлері іріктеп алынды. Қазақ ССР Совхоздар министрлігі бау шаруашылығын өркендетудің бес-жылдық жоспарын жасауға кірісті.

(ҚазТАГ).

Көктемгі егіс—егіннен мол өнім алу жолындағы күрестің шешуші кезеңі

Күздік егісті көктемде тырмалау және оған үстеме қорек беру жолдары

Күздік егісті көктемде тырмалау және егісті жергілікті немесе минералдық тыңайтқыштармен тыңайту егіннен тұрақты мол өнім алу ісіне келелі үлес қосады. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың іс тәжірибелері көктемде егіске үстеме қорек беру егінің әрбір гектарынан алынатын өнімді үш-төрт центнер арттыратындығын көрсетіп келеді.

Совет ауданындағы Каганович атындағы колхоздың колхозшылары соңғы үш жыл бойы күздік егіске үстеме қорек беруді жақсы ұйымдастырды. Олар бұл іске жергілікті тыңайтқыштарды кеңінен пайдаланады. Колхозшылар әрбір гектар күздік егіске екі-үш центнерден күл төгеді. Мұның өзі өткен жылы әрбір гектардан алынатын өнімді 2—2,5 центнер арттырды.

Қар кетісімен күздік егісті тырмалау ісін ұйымдастыруда астықтың шығымдылығын әрбір гектардан бір-екі центнер мөлшерінде молайтуға мүмкіндік беріп келеді. Біздің облыстың жағдайында күздік егісті тырмалауды ұйымдастыру агротехникалық шаралардың негізгі бір жолы болып есептеледі.

Облыстың көптеген колхоз, совхоздары өткен жылы күздік егісті көктемде тырмалауды ұйымдастырып, егіннің шығымы жақсы болуын қамтамасыз етті. Полудень ауданындағы «Прогресс» колхозында 1954 жылы жаздық бидайдың гектарынан 10 центнерден өнім алынды. Ал, Октябрь ауданындағы Киров атындағы колхоздың Пенкин жолдас басқаратын егіс бригадасының мүшелері күздік егістің гектарынан 12—18 центнерден өнім алуға жетісті. Осы сыяқты Соколов ауданындағы Киров атындағы, Полудень ауданындағы «Красный Октябрь» және тағы басқа көптеген колхоздарда күздік егістің өнімі жақсы болды.

Күздік егісті көктемде тырмалау және оған үстеме қорек беру жұмыстары өзінің игі нәтижесін беретіндігін жоғарыдағы фактілер толық дәлелдейді. Міне сондықтан да, облыстың әрбір колхозы және совхозы бұл іске ерекше маңыз беруге тиіс.

Үстіміздегі жылы облыс колхоздарында 50 мың гектар күздік егістің көктемнің алғашқы күндерінде тырмалануы және оған үстеме қорек берілуі жоспарланып отыр. Қар кетісімен егістің жақсы өніп-өсуін қамтамасыз ету үшін оны минералды немесе жергілікті тыңайтқыштармен тыңайтқан жөн. Үстеме қорек беруге

минералды тыңайтқыштардан аммиак селитрін кеңінен пайдалануға болады. Әрбір гектар егіс алаңын тыңайтуға бір центнер аммиак селитрі жұмсалды.

Сонымен қатар, егіске үстеме қорек беруге жергілікті тыңайтқыштар: көң, күл, құс саңғырығы пайдаланылады. Әрбір гектар егіс алаңына 3—5 центнер күл немесе төрт-бес тонна көң төгуге болады. Бұл іске күлді пайдалану, әсіресе егіннің өніп-өсуін тездетеді және топырақта азоттың көп болуына жағдай жасайды.

Осы сыяқты, құс саңғырығы да өте пайдалы. Әрбір гектар егіс алаңына бес-алты центнер құс саңғырығын төгуге болады. Сонымен бірге, әрбір гектар жердің топырағын бір жарым-екі центнер суперфосфатпен тыңайту қажет.

Көктем уақытында егіске үстеме қорек бергенде оны мерзімінде жүргізу басты шарт. Жергілікті, сондай-ақ, минералды тыңайтқыштармен неғұрлым егіс алаңын көктемнің алғашқы күндерінде тыңайтқан өте нәтижелі іс болып саналады.

Егіс алаңын тырмалау жұмысын мүмкіншілігіне қарай барлық учасқолдарда жүргізген жөн. Тырмалау ісі тұқым себілген бағытқа көлденеңінен жүргізіледі. Бұған «Зиг-Заг» тырмаларын екі ізде пайдалану қажет. Егер егістік учасқолдардың топырағы борпылдақ келсе, онда тырмалауды бір ізде жүргізуге де болады.

Егіс алаңын тырмалауды кешіктіруге мүлдем болмайды. Сондықтан бұл істе көктемнің алғашқы күндерінде, егіс алаңы топырағының бірікпей тұрған кезінде ұйымдастырған жөн. Егер егіс алаңының топырағы бірігіп қалса, онда егіс алаңын тырмалау егіннің шығымды болуына кері әсерін тигізеді.

Облыс колхоздарында және совхоздарында күздік егісті тырмалауды және оған үстеме қорек беруді үлгілі ұйымдастыруға барлық мүмкіншілік бар. Сол мүмкіншіліктердің іске тырнылықты пайдалануын қамтамасыз ету қажет.

Күздік егісті тырмалау және үстеме қорек беру жұмыстарында агрономдар шешуші роль атқаруға тиіс, олар бұл іске егіншілерді жұмылдыра білуге міндетті. Сонда ғана бұл жұмыс табысты болып, егіннің шығымы артуына қолайлы жағдай жасалады.

Н. КОНДРАТЕНКО,
Облыстық ауылшаруашылық басқармасының агрономы.

Дала жұмыстарының алғашқы кезі

Ленин ауданында бйылғы көктем жылдағыдан мүлде өзгеше болды. Жылдағы көктемгі дала жұмысы басталған уақыт болып қалса да, даланың қары әлі тегіс өткен жоқ. Маусырай құйылған күн нұры ұзақ уақытқа дейін қар жонын сепсіте алмағанына қынжылғандар да аз болған жоқ. Мұндайлар негізінен жасар. Өзі тың және тыңайған жерлерді көтеру де өткен жыл бойы дамылсыз еңбектенсе, мындаған гектар қара бұйра егістік болашағын күтіп жатса, ол негізінен жастарға қараған іс болса, мазасызданбай қайтсын.

Механизаторлардың асыға күткен күні де тұды. Байтақ далада жарыса тартылған қарабауыр егістік жерлер қардан жаппай арыла бастады. Күн сайын бақылау жасап, көктем жұмысын бастауға ынтық болып жүрген механизаторлардың еңбексүйгіштік қуанышы іс үстінде көрініп, жұмысымен дәлелденуде.

Көктемгі дала жұмысының, атап айтқанда, ылғал жаудың басталғанына көп уақыт болмаса да, Ленин ауданы механизаторлары еңбекке деген ынталылығын көрсете білуде. Көктемгі жұмысқа аудан бойынша бірінші болып кіріскен Ильич атындағы МТС-тің Тілегенов жолдас басқаратын трактор бригадасының жұмыс көрсеткіші мол. Бұл бригада 400 гектар жерді тырмалап, 200 гектар алаңға диске жүргізді. Жұмысқа пайдаланылып жүргендер шынжыртабанды «ДТ -54», «С-80» тракторлары. Бригададағы тракторшылардың барлығы да нормаларын толық және асыра орындап жүр.

Көктемгі жұмыс Ильич атындағы МТС-тің қамтуындағы Аманкелді, Воровский атындағы колхоздарда да қызу өзіндікпен басталып, қарқынды жүргізілуде.

Дала жұмыстарына жақсы өзіндікпен МТС-тердің бірі—Образцовая МТС-і. Кәзір МТС механизаторлары көктемгі жұмыстарды мейлінше сапалы әрі өнімді жүргізу жолында жарысқа түсуде. Бұл жолда, әсіресе Молотов атындағы колхоздағы механизаторлар өнімді еңбек етіп келеді. Мұнда 200 гектар жер тырмаланып, 150 гектар жер дискеленді. Ал «Путь к социализму» колхозында Подавсенов жолдасының басқаруындағы № 6 трактор бригадасы ылғал жабуды бастаған алғашқы күні-ақ—26 апрельде 100 гектар зябыт тырмалады.

Ылғал жабу жұмысы осы МТС-тің қамтуындағы «Новый путь» колхозында да басталды. Кәзір аудан механизаторлары бірінен соң бірі көктемгі жұмыс-

МАЛЬЦЕВ ӘДІСІМЕН

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы таяудағы бес-алты жыл ішінде елімізде астықтың жалпы түсімің жылына кемінде 10 миллиард пұтқа жеткізуі аса маңызды міндет етіп қойды. Сонымен бірге Пленум колхоздар мен совхоздардың бұл міндетті ойдағыдай шешуіне қажетті резервтерін атап көрсетті.

Астық өндіруді арттырудың мұндай резервтерінің бірі тың және тыңайған жерлерді игере беру болып табылады. Облыс колхоздары мен совхоздарының өткен жылдардағы жұмыс тәжірибелері тың және тыңайған жерлерді игеру—астықтың жалпы түсімін арттыруға мүмкіндік беретінін айқын көрсетті. Жаңа жерлерді игеру арқылы колхоздарымыз бен совхоздарымыз өткен жылдың өзінде-ақ қосымша мыңдаған пұт астық алды. Үстіміздегі көктемде ауылшаруашылық дақылдарының басым көпшілігі бытырғы жазда және күзде жұмысталған тыңға, тыңайған жерлерге өгіледі. Бұл астықтың шығымдылығын анағұрлым арттыруды қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Тың жердің құнарлылығын сақтаудың аса маңызды шарасы топырақты дұрыс өңдеу болып табылады. Колхоз ғалымы Т. С. Мальцев тың жер топырағын дұрыс өңдеудің тамаша жаңа әдістерін қолданды. Сөйтіп, ол тың жерлердің құнарлылығын ұзақ уақытқа дейін сақтап қана қоймай, сонымен бірге оны жыл сайын арттыра беруге жетісті.

Тың жерлердің топырағын өңдеуге Мальцев әдісін қолдану үшін алдымен жердің топырақ құрылысының ерекшелігін, ауа райындағы өзгешелікті зерттеп білу керек. Тіпті бір шаруашылықтың егіс даласындағы танаптардың топырақ құрылысындағы өзгешеліктерді де анықтау қажет. Осыдан кейін ғана топырақты өңдеудің белгілі бір әдісін қолдануды творчестволықпен қарастыру керек.

Біздің облыстың колхоздары мен совхоздарының егістік жерлерінің топырақ құрылысының ерекшеліктеріне қарай тың және тыңайған жерлердің топырағын ерте көктемде 6—7 сантиметр тереңдікте фрезамен өңдеген жөн, егер фреза жоқ болса, онда дискелі ауыр тырмамен өңдеу керек. Ал дискелі тырма кәзір облысымыздың барлық МТС-терінде бар.

Топырақты жоғарыда айтылғандай етіп қопсыту жаз бойы және күзде бірнеше

рет қайта-қайта жүргізіледі. Ал келесі жылдың көктемінде тұқым себудің алдынан топырақ тағы да жұқа қопсытылуға тиіс.

Ауылшаруашылық дақылдары екінші жыл егілетін тың жердің топырағын өңдеу бірінші жылы егілген дақыл жыйнап алынысымен жүргізіледі. Бұл жерді әуелі дискелі лущильникпен өңдеу керек. Содан кейін қайырмасыз плугпен топырақты терең қопсыту қажет. Мұнан соң топырақ тағы да дискелі лущильникпен өңделеді.

Үшінші жылы егін егілетін топырақ екі рет лущильникпен өңделуге тиіс және тұқым себу алдында топырақ тағы жұқа қопсытылуы керек. Төртінші жылы дискелі лущильникпен өңдеу үш рет жүргізіледі де, жер қайырмасыз плугпен екінші рет терең қопсытылады.

Тың және тыңайған жердің топырағын өңдеуді Мальцев системасы бойынша жүргізудің тиімділігін сынау үшін топырақты бұрынғы әдіспен өңдеу жұмысын қатар жүргізу керек. Тәжірибе көрсеткендей, бұрынғы әдіс бойынша өңделгенде топырақ өзінің құнарлылығын тез жоғалтады. Өйткені жыл сайын қайырмасы бар плугпен 22—25 сантиметр тереңдікте жұртылған топырақтың құрылысы тез бұзылады.

Топырақ өңдеудің Мальцев ұсынған әдісін кеңінен қолдану үшін егістікке арналған тың жерлердің топырақ құрылымы бірінші уақытта іріктен алған жөн. Егер топырақтың құрылымы бірдей болған жағдайда ғана Мальцев әдісін қолдану өзінің жақсы нәтижесін береді.

Колхоздар мен совхоздар үстіміздегі жылы едәуір тың және тыңайған жер игеретініне жоғарыда факты келтірдік. Міне осы тың жерлерді игеру кезінде агрономдар топырақты Мальцев әдісі бойынша өңдеуге ерекше назар аударуға тиіс. Бұл үшін әрбір колхозда топырақты зерттеуге творчестволықпен зер салу керек. Тың жерлердің құнарлылығын сақтауға, сол арқылы ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын барған сайын арттыра беруге жетісу—кәзіргі басты міндеттердің бірі. Бұл міндетті ойдағыдай шешу күресінде әрбір маман, әрбір егінші творчестволықпен еңбектенуді өздерінің абройлы ісі деп есептеуі қажет.

Агроном В. ЛИ.

Немшіліктер қайталанылуда

Өткен жылы Совет ауданындағы «Арал-ағаш» колхозында көктемгі егіс жұмыс-

жаратын және мемлекеттен несиеге алынатын сартты тұқым тасу мүлдем қана-

Преснов ауданында

Мал құнарлылығы артуда

«Красный партизан» колхозының колхозшылары Бірінші май мерекесі алдындағы социалистік жарысты жеңінен өрістете отырып, оны жаңа еңбек табыстарымен қарсы алмақ.

Коммунист Брыканов жолдас басқаратын товарлы-сүт фермасының сауыншылары қыс күндері де сыйырдың құнарлылығын кемітпей, әрбір сауын сыйырдан 574 литрден сүт алды. Аналы-сіңлілі Раиса және Мария Шарпаевалар үстіміздегі мал шаруашылығы жылының алғашқы 6 айы ішінде қарамағындағы сауын сыйырлардың әрқайсысынан 728—746 литрден сүт алуға жетісті.

Сол сыяқты, сауыншылар Екатерина Кеуш және Екатерина Юрасовалар да өздеріне бекітіліп берілген әрбір сауын сыйырдан 700 литрден сүт сауыды.

Товарлы-сүт фермасының коллективі январь Пленумының қаулысына жауап ретінде бйылғы әрбір сауын сыйырдан 1800 литр сүт саууды, ал, 1960 жылы әрбір сауын сыйырдан алынатын сүт мөлшерін кем дегенде 2500 литрге жеткізуді ұйғарып отыр.

Оқушылар гектары

Преснов орта мектебінің коллективі өз күшімен Сталин атындағы колхозға 20 гектар жерге жүгері өсіруді беруді ұйғарды. Кәзір мектепте жүгері өсірушілер звенолары құрылды. Звено мүшелері биология сабағында және сабақтан тыс уақыттарында жүгері өсірудің агротехикасын үйренуде. Преснов орта мектебі оқушыларының осындай құнды бастамасын ауданның басқа мектептерінің оқушылары да қызу қолдап, олар да жүгері өсіруге жан-жақты әзірленуде.

14 алыс

Таяуда аудандық комсомол комитетіне әскери бөлімнің штапасы басылған хат келді. Ол хатта:

«Преснов ауданы «Баян» ауылшаруашылық артелінің бұрынғы мүшесі, кәзір соғыс-теңіз флотында әскери қызметте өз міндетін атқарып жүрген комсомолец Мүкен Мұқановқа саяси және әскери дайындықта өте жақсы көрсеткіштерге ие болғаны үшін 14 рет алыс жарияланды. Мүкен Мұқанов комсомолец- жауынгерлер арасындағы алдыңғы қатарлы комсомолецтердің бірі. М. Мұқанов жолдастай өнегелі, тәртіпті БЛКЖО мүшесін тәрбиелеп өсірген сіздердің комсомол ұйымдарыңызға аса риза екендіктерімізді білдіреміз» делінген.

Болгариядан хат

Тракторларды тоқпаусыз жүргіземіз

Біздің № 15 комсомол жастар тобында

бригадыда үш «ДТ-54», екі «СТЗ» тракторлары бар. Бұлар сапалы жөндеуден өткізілді. Сол сыяқты, плуг, тырма, лущильник, культиватор, селжа сыяқты машина-саймандар да дала жұмыстарына мұқият әзірленді. Бригада егіс басына көшіп шығып, жерді іріктеп тырмалау жұмыстарын жүргізуге кірісті.

Өткен жылы жанар және жағар май тасу жұмысы дұрыс жолға қойылмады. Мұның өзі көктемде трактор қуатын өнімді пайдалануымызға бөгет жасады. Бригада мүшелері бұл кемшілікті үстімізге жылы қайталамаудың шараларын жүзеге асыруға ерекше көңіл аударды. Көзір бригадада тасымал алынған жанар және жағар май қоры егіс жұмыстарын аяқтауға толық жетеді. Осыған қарама-

сықтырылып отырылады. Бұл тракторшылардың еңбек өнімділігін барған сайын арттыра беруге жағдай туғызатын болады.

Біз дала жұмыстары басталар алдында өзімізге нақтылы міндеттемелер алдық. Жұмыстың алғашқы күнінен бастап сол міндеттемелерімізді мұлтіксіз орындау үшін күресудеміз. Бізде тракторларды тоқтаусыз жүргізуге, алған міндеттемелерімізді ойдағыдай орындауға мүмкіншілік бар. Бригададағы әрбір тракторшы осы мүмкіншіліктерді тиімді пайдалану үшін күреседі.

Д. ЖОЛДЫБАЕВ,
Ильич атындағы МТС-тің
тракторшысы.

Преснов ауданының колхоздары да көктемгі дала жұмыстарына кірісе бастады. Дала жұмыстарын бірінші болып бастаған Преснов МТС-нің қамтуындағы «Новый свет» колхозының колхозшылары болды. Бұл колхоздың егіс бригадалары және колхозды қамтытын трактор бригадалары жұмыс басына көшіп шығып, өткен жылғы жыртылған пар мен зиябті іріктеп тырмалауда. Алғашқы жұмыс күні механизаторлар 40 гектардай жерді тырмалады. Олар кеше жерді дискелеу жұмыстарын жүргізді.

Б. СӘКЕНОВ.

сағдарынан дөңді дақылдардың әрбір гектарынан небары 2,36 центнер ғана өнім алынды. Колхоздың егіншілік пен мал шаруашылығынан алған кірісі 114 мың сомнан асмады.

Бірақ колхоз басқармасының мүшелері бұдан өздеріне тиісті қорытынды жасамады. Көктемгі егіске көзір әзірліктің барысы колхоз басшыларының (председатели Құрманбаев, партия ұйымының секретары Сейткереев жолдастар) әлі күнге дейін жайбарақаттыққа салынып келе жатқандығын көрсетеді.

Мұнда тұқым даярлау әлі аяқталған жоқ. 2 мың центнерге жуық тұқымдық бидай жеткіспейді, қолда бар үш мың центнердей тұқымның тек 200 центнері ғана кондицияға жеткізілген. Айырбасқа

дала жұмыстарына керекті құрал-сайман, жегуі әбзелдерін жөндеу бетімен жіберілген. Колхоз орталығындағы 86 тырманың 22-сі, 15 бричкениң 8-і ғана жөнделіп, қалғандары қар астында жатыр. Жергілікті және минералды тыңайтқыштар жоқтың қасы. Қысқы агротехникалық шаралардың ең маңыздысы — қар тоқтату жоспары орындалмай қалды.

Көктемгі егісте жүргізілетін жұмыстардың жоспары жасалмаған. Колхозшылар дала жұмыстары кезінде не істейтіндерін білмейді.

Көктемгі егіске әзірлікті шындап қолға алатын уақыт жеткен жоқ па?

Д. ҚАБЫКЕЕВ,
О. ҒАБДУЛЛИН.

Жамбыл атындағы астық совхозының комсомолдері мен одақта жоқ жастары болғар жастарымен байланыс жасап тұрады. Совхоздың жаңа қоныстанушылары болғар жауынгері Атонас Понковпен, әскери-саяси академияның курсанты Цоко Герговпен, София мектебінің 10 класс оқушысы Анно Калеванмен және басқа болғар жастарымен хат жазылып тұрады.

Цоко Гергов өзінің жаңа қоныстанушыларға жазған хатында «Біздер, Болгария жастары, Амурдағы Комсомольск қаласын салған комсомолдерден, әлемге аты өйгілі болған Ұлы Отан соғысының даңқты комсомол-жауынгерлерінен және көзір кезде тың даланы бағындырып жатқан совет жастарынан үлгі алудамыз, үйренудеміз және үйрене береміз де» депті.

Совхоз жастары өздерінің туысқан Болгариядағы достарына жолдасдық сөлемдерін жолдап, еңбек майданында жаңа табыстарға жетулеріне тілектестік білдірген жауап хаттар жазды.

Жазушымен кездесу

Преснов орта мектебінің оқушылары Преснов селосында тұратын жазушы Иван Шуховпен кездесті. Иван Шухов оқушыларға совет жазушыларының екінші съезі жөнінде және өзінің творчестволық ойлары туралы айтты.

Тауда жазушының «Тыңды бағындырушылар» атты кітабы жарыққа шығады. Бұл очерктер жыйнағында тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан совет адамдарының еңбектегі ерлік істері баяндалады. Бұл жыйнақты игерушілер жөніндегі болашақ үлкен романға желі болмақ.

Жарияланбаған хаттың дерезі

„АЛДАБ, ЕКІ АСАП ЖҮРГЕНДЕР“

Редакцияға осы тақырыпта түскен тілші хаты ҚКМ Преснов аудандық комитетіне тексеріске жіберілген болатын. Онда бұрынғы Жамбыл атындағы колхоздың бригадирі Ыбраев қызмет бабын пайдаланып, колхоз жылқысын және қой-ешіксын арзан бағамен сатып алып, өз пайдасына жаратқандығы жазылған-ды. Бұл жөнінде ҚКМ Преснов аудандық комитетінің секретары Н. Болатбаев жолдас редакцияға мынаны хабарлады:

Ыбраев жөніндегі редакцияға түскен тілші хаты бастауыш партия ұйымының жыйналысында қаралып, онда көрсетілген фактілер анықталды. Ыбраев Жамбыл атындағы совхоздың бөлімше меңгерушісі қызметінен босатылды.

В. МИХАЙЛОВ,
П. САВЕЛЬЕВ.

Москва қаласы.

КӨРМЕДЕГІ КӨКТЕМ

Көктемгі күн көзі павильондардың мұнараларына, фонтанды алаңдарға, әлі жапырағы жоқ бақшалар мен аллеяларға нұрын төгуде... Жаз жақындап қалды, демек мұнда тағы да білімге, ғылымға, тәжірибеге—жүздеген мың адамдар келетін күн алыс емес. 1955 жылғы Бүкіл-одақтық ауылшаруашылық көрмесін дайындап жатқан методистер, суретші-бейнелендірушілер, бақпашылар, құрылысшылар өздерінің еңбектерін қатаң талпап ойластырды.

Жетпіс павильонның қайсысында болсын, жеміс бағынан, экспонаттық көшеттері мен егістері бар участоктен, тұтағаштары көшеттері арасынан, теплицалардан болсын, барлық жерден көзір жұмыспен шұғылданған адамдарды көресіз. Уақыт күтпейді, көрме коллективі экскурсанттары—колхозшыларды, механикаторларды, совхоз жұмысшыларын, өнеркәсіп орындарының өндірісшілерін, ғалымдарды, ауыл шаруашылығының мамандарын, студенттерді... мезгілінде және тайықты қарсы алу үшін бар күшін аймайды.

Өткен жылғы көрменің «ССРО ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру» павильонының 75 метрлік күмбезі астында болмағандар кемде-кемақ. Мұнда бймыл да жұрттың көптеп келуі күтіліп отыр. Техниканың бұл сарайының барлық 26 залында экспозицияны жанарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бүкіл халық шаруашылығының берік негізі болып табылатын ауыр индустрияның тез өркендеуін бейнелей отырып, экспонаттар советтік ауылшаруашылық машина жасаудағы табыстарды жан-жақты көрсетеді.

Жаңа экспозицияның мазмұнын жасайтын методист-инженерлер оның негізіне СОБП Орталық Комитетінің январь Пленумы қаулысын алады. Олар ескі жыртылған және тың жерлерде астық өндіру-

ді механикаландыруды насихаттау, жүгері егу, жемішпен өндіру, шөп сүрлеу мәселелеріне зор көңіл бөледі.

Павильонды бейнелендіруде көзір 50-ге жуық суретші жұмыс істейді. Машина жасау заводтарының методистерімен, маман-консультанттармен, ғылыми зерттеу мекемелерінің қызметкерлерімен бірге, олар экспозицияның материалдарын барынша түсінікті, нанымды етуге тырысады. Кең алымды аспалы машиналардың стендін жасай отырып, мәселен, бейнелендірушілер схемалардың, фотографиялар мен диаграммалардың көмегімен жаңа конструкциялардың тіркемелі машина конструкциясымен салыстырғандағы экономикалық тиімділігін көрсетеді.

Соңғы апталардың ішінде павильонның залдарына жер шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру үшін жуырда біздің өнеркәсібіміз менгерген бірқатар жаңа машиналар қойылған.

Үстіміздегі жылы павильонның залдары мен ашық алаңдарында барлығы машиналардың 70 жаңа маркаларын, электр жабдықтарының 64 жаңа үлгісін, жөндеу жабдықтарының 20 жаңа үлгісін көрсету белгіленіп отыр.

Алдағы көрмеде «Тың және тыңайған жерлерді игеру» тақырыбын көрсету көрнекті орын алады. Өткен жылы бұл тақырып 7 павильонда 18 стендпен бейнеленген еді. Енді оны көрсететін павильондар саны екі есе ұлғайтылады, ал стендтердің саны 76-ға дейін өседі.

Жүгері өсірудің әдістерін, әсіресе оны жаңадан өсіретін аудандарда насихаттау едәуір ұлғайтылады. 1955 жылы көрмеге қатысатындардың ішінде Молдавияда немесе Украинада ғана емес, сондай-ақ Белоруссияда, Латвияда, Россия Федерациясының қаратопырақты емес өңір облыстарында жоғары өнім жыйнаған шаруашылықтар, жөкелеген озағтар бар.

«Астық», «Жер шаруашылығы», «Мал шаруашылығы» павильондарында және барлық республикалық және өңірлік павильондарда жүгері өсіру тәжірибесіне 52 шаруашылық бойынша 60 стенд бөлінеді.

Өткен жылдан айырғыша, «Мал шаруашылығы» павильонының қызметкерлері стендтерде материалдарды жөкелеген шаруашылықтар бойынша емес, мал шаруашылығының аралуан саласын қамтытын белгілі бір жыйнақталған тақырып бойынша орналастырады. Мұнда көрсетуге көзірдің өзінде бірнеше ондаған стендтер дайындалған.

Мәселен, қатысушылар «сыйыр сауу» тақырыбынан әрбір сыйырдан 1951 жылғы 1700 килограмнан сүт алған, ал 1954 жылғы оны 3340 килограмға дейін жеткізген Херсон облысы, Баховск ауданындағы «Новое життя» ауылшаруашылық артелінің тәжірибесін үйренетін болады.

«Жемішпен базасы» залында жүгері өсіруде ірі табыстарға жеткен Москва облысы, Кунцеск ауданы, «Путь новой жизни» колхозына көрнекті орын беріледі. Н. С. Хрущев жолдастың СОБП Орталық Комитетінің январь Пленумында жасаған баяндамасынан белгілі болғанындай бұл колхоз 1954 жылы жүгеріден собығымен бірге 330 центнерден көкшөп алды, бұл оған қоғамдық мал шаруашылығын жемішпеннен жақсы қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Колхозда әрбір сыйырдан салынған сүт 3409 килограмға дейін көтерілді немесе 1953 жылмен салыстырғанда 102 килограм артты.

Көрмеде көрсету үшін жоғары өнімді малды іріктеп алу аяқталды. Олар екі сменала көрсетілетін болады. Әрбір сменала 12 колхоз бен совхоздың ірі қара-мал фермасын, сол сыяқты шошқа және қой фермаларын көрсету белгіленеді. Төрт қатарлы сыйыр фермасынан, келушілер Москва түбіндегі «Горки II», «Лесные поляны» совхоздарының, костромдық

«Пятилетка» және «Огородник» колхоздарының ең жақсы сыйырларын көреді.

Мал шаруашылығы қалашығында көрсетуге арналған малдар көзірдің өзінде көрмеге әкелініп жатыр. Карантинге Алтай өлкесінің Шебалинск бұғы өсіретін совхозы жіберген 10 нантылы бұғы орналастырылған. Костром облысының «Пятилетка» және «Огородник» колхоздарынан Костром тұқымдас 70 сыйыр әкелінген. Горький облысы, «Крестьянин» колхозынан 50 сыйыр, Архангельск облысы, Каганович атындағы колхоздан да осындай мөлшерде сыйыр бар әшелонның келуі күтіліп отыр.

Астананың темір жол станцияларына күн сайын—«Москва, ВСХВ» деген қысқа адреспен көптеген посылкалар келіп жатады. Еліміздің барлық түпкірлерінен колхоздар, совхоздар, тәжірибе станциялары, жас натуралистер үйірмелері бидай бауларын, астық, жүгерінің собықтарын, картоп, өмөщ, жемістер жіберуде. Тәулік ішінде көрмеге орта есеппен жалпы салмағы 12 тоннаға дейін жететін 100-ден астам орын келіп түседі.

Көктем көрменің өсімдік шаруашылығы басқармасының қызметкерлеріне жаңа жұмыс әкелді. Күзді күні қаншыққа, жөкеге және тольге оралып, фанер және тақтайдан жасалған жылы үйшікте аяздан қорғанған мындаған жылылыққы сүйегін өсімдіктерді босататын мезгіл жетті. Көгалдандыру бөлімінің желі участогінің жұмысшылары алма мен алмұрттың оңтүстік сорттарын көзір қысқы қымтаудан босатып үлгерді. Бесекте—шайдальны, абрикосты, грек жаңғағын, шайды, бамбукты, пальманы... босату тұр.

Экспонаттық көшеттер мен егістер бөлімінің дөңді дақылдар участогінде күздік бидайдың 74 сорты, күздік арпаның 1 сорты, күздік қара бидайдың 32 сорты себілді. Бұл егістер қыстан жақсы шықты және әдеттегі жағдайдағы сыяқты.

Халықаралық шолу

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ХАУШСІЗДІГІ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОСЫЛҒАН
АСА МАҢЫЗДЫ ҮЛЕС

Жуырда Москвада жүргізілген Совет—Австрия келіссөздері Совет Одағының барлық халықаралық мәселелерді бейбіт жолмен шешуге ұмтылып отырғандығының жаңа, айқын айғағы болды. Ізгі ниетті тілек болған күнде, ең күрделі халықаралық проблеманы реттеуге, сөйтіп, халықаралық қатынастардағы шиеленістің босқандығын қамтамасыз етуге болатынын бұл келіссөздер тағы да дәлелдеп берді.

Совет—Австрия келіссөздерінің нәтижесінде Австриямен мемлекеттік договор жасасудың оның бейбіт және тәуелсіз дамуын қамтамасыз етудің, агрессиялық соғыс одақтарына күшпен қатыстыру қарарымен оны азат етудің нақты мүмкіндіктері ашылды. Міне сондықтан да, Австриямен мемлекеттік договор туралы Москвада қол жеткен келісімнің, кейбір шетелдік газеттердің хабарлап отырғанындай, «бүкіл дүниежүзілік саясатты» қозғалта бастағаны тегін емес.

Өткен аптаның ішінде Совет—Австрия келіссөздерінің қорытындыларына, бұл келіссөздер және төрт державаның Австрия қатысатын кеңесін шақыру туралы Совет үкіметінің нотасына білдірілген пікірлерге шетелдік газеттердің беттерінде басқа көңіл бөлінді. Батыс державаларының астаналарында Австрия мәселесі жөнінде әртүрлі ресми және ресми емес сөздер бірінен соң бірі айтылды. Вашингтон, Лондон және Париж арасында «консультация» алысу күшейе бастады. Шетелдік баспасөз әртүрлі халықаралық кездесулерді, атап айтқанда, Францияның сыртқы істер министрі Пинейдің Лондонға барғанын, ал содан кейін Аден-аурге жолығу үшін Бад-Гедесбергке баратынын дәл осы Австрия мәселесін қараумен байланыстырды.

Ал Австрия мәселесінің қай жағы шетелдік баспасөздің назарын өзіне көбірек аударып отыр? Ең алдымен — Австрия республикасының қандай да болса соғыс одақтарына қатысатын және өз территориясында соғыс базаларының болуына жол беретін ойы жоқ деп өңдірген Австрия үкімет делегациясының Москвада берген уәдесіне назар аударылды.

Австрияның көптеген газеттері бұл уәдені жүзеге асырудың Австрия үшін бірінші дәрежелі маңызы болады және республиканың төл мүдделерін қамтамасыз етеді деп санауда. «Дүние жүзінің басқа елдері Швейцарияның бейтараптығына міне 140 жылдан бері ойдағыдай көшпелік беріп келген Швейцарияның өнегесі, — деп жазды «Эстеррейхские фольксштимме» газеті, — мұндай көшпеліктің бір тарақ қағаз ғана емес екенін және басқа елдер үшін дем-

қатыстыру жоспарлары «ақылдан туып» отыр-мыс дегенді айтуда.

АҚШ-тағы фашистік элементтердің жарышысы болып табылатын осы «Дейли миррордың» өзінің саяси ақыл-ойының дәрежесі мен бағыты қандай екені жалпы жұртқа жақсы мәлім. «Дейли миррордың» және онымен үн қосып отырған Лондон мен Париждағы кейбір газеттердің Австрия мәселесін бейбітшілікпен реттеуге қарсы шығып отырған себебі олардың Австрияны соғыс авантюраларының тірегі ретінде көргісі келіп отырғандығына ғана емес. Олар «бейтараптанған» Австрияның өнегесі бөлшектену, ремигранттарды және «батысевропалық одаққа» қатысу саясатына барған сайын батыл қарсы шығып отырған Батыс Германияның халқын «өзіне тарту» ықпалымен екендігінен өздерінің хаушсизденуінің де жасырмай айтып отыр.

Бірақ көзірі туған жағдайда Австриямен мемлекеттік договор жасасуға кедергілер қою тактикасы — жеңіл-желпі емес. Совет—Австрия келіссөздерінің нәтижесінде халықаралық хаушсиздікті қамтамасыз етуге қосылған аса маңызды үлестің маңызын көмітуге тырысқан әрекеттері прогресшіл жұртшылық пен қалын халық бұқарасы батыл айыптауда. Мұнымен тіпті буржуазияшыл американ газеттері де санасуға мәжбүр болады, олар төрт министрдің Австрия мәселесі жөніндегі конференциясының болмай қоймайтынын айтып, өз оқушыларын сақтандыруды қажет деп тасты.

Австрия мәселесін бейбітшілікпен шешуге саботаждық жасау саясаты іске аспайды.

АЗИЯ МЕН АФРИКА ЕЛДЕРІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ХАУШСІЗДІГІ

ҮШІН

Азия мен Африканың 29 елінің Индонезияда өтіп жатқан конференциясы — заманмыздың аса көрнекті оқиғасы. Империализм бұғауларын кезіргі өзінде лақтырып тастаған немесе өздері ұнатпайтын «қамқоршыларға» өлі де тәуелді болып отырған елдердің өкілдері бұл елдердің әрқайсысы бірдей мүдделі болып отырған ортақ мәселелерді — бейбітшілік, хаушсиздік және тәуелсіздік қамтамасыз ету мәселелерін талқылау үшін тұңғыш рет бір жерге басқосып отыр.

Адамзаттың жартысынан астамы болып табылатын халықтар өкілдерінің бұл конференциясы билеуші топтары өздерінің тыныштығын құлдыққа түскен және тәуелді елдердің есебінен қамтамасыз етуге дағдыланып келген мемлекеттерде абыр-жаушылық тудырды. Конференцияның алдына қойылған ізгі ниетті міндеттерді бұл топтар өздерінің зұлымдық мүдделеріне төнен тікелей қатар деп бағалады. Кон-

фия мен Бирма отарлық төртінші лақтырып тастады. Таяу және Орта Шығыстың көп елдері тәуелсіз өмір сүру жолына түсті. Отар Африка өз праволары мен дербестілігі жолындағы күреске аттануда. Азия мен Африка миллиондаған және миллиондаған адамдар өздерінің тонаушылық әрекеттерін «цивилизациялық борыш», «экономикалық көмек» және «еркін дүниені қорғау» жайындағы көпірме сөздермен бүркемелен отырған жауларын шын мәнісіндегі достарынан айыра білуді үйренді. Осы миллиондар өкілдерінің Бандунгтегі конференциясы, француздық «Комба» газетінің мойындауына, «кеше ғана төмен нәсілдегілер деп саналған, бірақ бүгінгі күні американдық зәулім үйлер мен сарайларға қарсы біріккен және өздерінің өмір сүру правосын талап етіп отырған адамдардың қуатты күшінің демонстрациясы» болып табылады.

Отаршыл державалар, ең алдымен АҚШ, бұл демонстрацияға жол бермеуге немесе оны сәтсіздікке ұшыратуға барлық күшін жұмсап бақты. Тура диверсиялар жасау, арандату әрекеттері, бопсалау және конференцияға қатысушылар арасында жік тудыруға тырысу — Бандунг конференциясына қарсы бағытталған отаршылдардың жекеурын құруының өткір ұшы міне осындай болды. Соның өзінде олар қамшы мен қалашты қатар жұмсайтын өздерінің ескі саясатын пайдалануда. Бандунгтегі конференцияның нақ ашылуы қарсаңында Вашингтонда былай деп жарияланды: АҚШ шетелдік мемлекеттерге «көмек» дейтінді бір орталықтан бақылау үшін батыс державаларының ғана емес, сонымен бірге Азия елдерінің де қатысуымен жаңа ұйым құру туралы мәселе қарауда. Мұнымен бірге АҚШ «азиялық ауданды өркендету» қорына көп қаржы бөлу деген хабар таратылды. Ал конференция жұмысының алғашқы күндерінде тағы бір «дәмелендіру» құралы іске қосылды: президент Эйзенхауэр жаңа бюджет жылында шетелдік, көбінесе азиялық мемлекеттерге «көмектесуге» 3.530 миллион доллар қаржы бөлу туралы конгреске арнаулы хат жолдады. Конференцияның делегаттарына тікелей қысым жасау әдістері де қолданылды. Индияның «Таймс оф Индия» газетінің Бандунгтегі тілшісінің хабарлауына, көптеген делегаттарға «конференцияның жұмысына іріткі салуға тырысып отырған топтар тарапынан астыртын күшті қысым жасалған».

Бірақ мұның бәрі империалистерді көздеген мақсатына жеткізген жоқ. Мұны американ баспасөзінің өзі де мойындауға мәжбүр болды. «Пост диспетч» газетінің Бандунгтегі тілшісі былай деп хабарлайды: конференцияның көптеген делегаттарымен жасаған өзінің өңгімесінен байқалып отырғанындай, азиялық елдер АҚШ-ты өздерінің тәуелсіздігіне және дербе-

СОВЕТ-ЖАПОН КЕЛІССӨЗДЕРІНІҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Жуырда баспасөзде хабар етілгеніндей, Советтің БҰҰ-дағы өкілі А. Соболев Жапонияның БҰҰ жанындағы байқаушысы Едлі Р. Савадаға нота тапсырған болатын, ол нотада совет-жапон келіссөздерін жүргізетін орын Женева немесе Лондон болуына Совет Үкіметінің келісім беруге әзір екені білдірілген еді.

23 апрельде Р. Савада А. Соболевке нота тапсырды, онда Жапония үкіметі аталған келіссөздер жүргізілетін орын ретінде Лондонды қалап алғаны хабар етілген. Мұның өзінде елші жапон жағының келіссөздер 1955 жылғы 1 июньде басталсын деп тілек білдіргенін мәлімдеді.

25 апрельде А. Соболев елші Р. Савадаға жауап нота тапсырды, онда Совет Үкіметі совет-жапон келіссөздерін Лондонда жүргізуге келісетіні айтылған және совет өкілі совет жағының келіссөздерді 1955 жылғы 1 июньде бастауға мүмкін деп есептейтінін хабарлаған.

(СОТА).

Азия халықтары Бандунгтегі конференцияның табысын құттықтауда

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ

ПЕКИН, 26 апрель. (СОТА). «Женьминь жибао» газеті Кун Юаньнің мақаласын жариялады, ол былай деп жазған: Бандунг конференциясының табысы Азия мен Африка елдері халықтарының өзара-сында сауданы өркендетуге және экономикалық ынтымаққа ұмтылған ортақ талабын жүзеге асыруға көмектескен болады.

«Бірқалыпты сауданы өркендету және экономикалық байланыстарды нығайту, — деп жазған Кун Юань, — Қытайдың, Индияның және Индонезияның ғана емес, сонымен бірге Азия мен Африка елдерінің үкіметтері мен халықтарының көпшілігінің де ортақ тілегі болып табылады».

ИНДОНЕЗИЯ

ПЕКИН, 26 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Бандунгтен былай деп хабарлайды: Индонезия газеттері Азия мен Африка конференциясының табыстарын халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы табыс деп құттықтауда.

«Сулу Индонезия» газеті басмақалада былай деп мәлімдеген: «конференцияның саяси, мәдени және экономикалық проблемалар жөніндегі қарарлары зор жеңіс болып табылады».

«Бетанг Тимур» газеті Азия мен Африка елдерінің өз проблемаларын өздері шеше алатынына дүние жүзінің көзі жетті деп мәлімдеген.

ЖАПОНИЯ

ПЕКИН, 26 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Токйодан былай деп

1955 жылғы 1 Майда Петропавл қаласы еңбекшілерінің демонстрациясын ұйымдастыру ЖОСПАРЫ

1. Демонстрацияға қаланың барлық еңбекшілері, жоғары және орта оқу орындарының, мектептердің оқушылары қатысады.

2. Демонстрация 1955 жылғы 1 Майда жергілікті уақыт бойынша сағат 11-де басталады.

3. Барлық демонстрацияға қатысушылар 8 адамнан 10 колоннаға қатар түзеіп тұрады да, мына тәртіп бойынша Киров, Ульянов, Пушкин көшелерімен жүріп отырып, Октябрь алаңына барады:

Ту ұстаушылар взводы (Хамитов жолдас басқарады).

БІРІНШІ КОЛОННА: Оқу және Жол қатынас министрлігі мектептерінің, техникумдары мен институттың оқытушылары мен оқушылары. Ертеңгі 10-сағат 30 минутта Ульянов көшесінің Октябрь көшесімен түйіскен жерінде жыйналады. Колоннаның алды Степанов көшесінің бұрышында болады. (Колонна бастығы Дегтяренко жолдас).

ФИЗКУЛЬТУРАШЫЛАР ПАРАДЫ. Таңертеңгі 10 сағат 30 минутта Киров көшесінің Ленин көшесі жағына жыйналады. Колоннаның басы Ульянов көшесінің бұрышында болады. (Колонна бастығы Данилов жолдас).

ЕКІНШІ КОЛОННА: Еңбек резервтерінің жұмысшылары мен мектеп оқушылары. Ертеңгі 10 сағат 30 минутта Ленин көшесінің элеватор жағына жыйналады. Колоннаның басы Октябрь көшесінде болады. Колонна физкультурашылар колоннасының соңында жүреді. (Колонна бастығы Успенев жолдас).

ҮШІНШІ КОЛОННА: Одаққа бағынатын өнеркәсіп кәсіпорындарының коллективтері мен барлық құрылыс ұйымдары. Ертеңгі 10 сағат 30 минутта Қызыл көшесінің Сталин көшесі жағына жыйналады. Колоннаның басы Ленин көшесінің бұрышында болады. (Колонна бастығы Жүнісов жолдас).

ТӨРТІНШІ КОЛОННА: Темір жол транспортының кәсіпорындары мен мекемелерінің коллективтері. Ертеңгі 9 сағат 30 минутта В. И. Ленин атындағы клубтың алдындағы алаңға жыйналады. Буденный, Сталин, Гоголь, Ленин көшелерінің бойымен жүріп отырып, 10 сағат 45 минутта мәдениет және демалыс паркіне келетін болады. (Колонна бастығы Чураков жолдас).

СПОРТ ХАБАРЛАРЫ

НАЛЬЧИК, 27 апрель. (СОТА). Бүгін мұнда ерікті спорт қоғамдары мен ведомстволардың құрама командаларының арасында жеңіл атлетикадан бүкілодақтық жарыс аяқталды. Оған елдің 400-ден астам ең күшті спортшылары қатысты.

ССРО Қорғаныс Министрлігі Орталық спорт клубының коллективі бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынға «Буревестник» қоғамының бірінші командасы шықты. Үшінші орын «Динамо» командасына берілді.

СТАВРОПОЛЬ, 27 апрель. (СОТА). Бүгін

БЕСІНШІ КОЛОННА: Республикаға бағынатын өнеркәсіп кәсіпорындарының коллективтері ертеңгі 10 сағат 30 минутта Киров көшесінің Сталин көшесі жағына жыйналады. Колоннаның басы Ленин көшесінің бұрышында болады. (Колонна бастығы Иванов жолдас).

АЛТЫНШЫ КОЛОННА: Жергілікті және кооператив өнеркәсібі кәсіпорындарының коллективтері. Ертеңгі 10 сағат 45 минутта Папанин көшесінің Ленин көшесі жағына жыйналады. Колоннаның басы Ульянов көшесінің бұрышында болады. (Колонна бастығы Мирекін жолдас).

ЖЕТІНШІ КОЛОННА: Денсаулық сақтау министрлігінің мекемелері мен оқу орындарының коллективтері. Ертеңгі 10 сағат 45 минутта Папанин көшесінің Сталин көшесі жағына жыйналады. Колонна басы Ленин көшесінің бұрышында болады. (Колонна бастығы Чаева жолдас).

СЕГІЗІНШІ КОЛОННА: Қалған барлық кәсіпорындары, ұйымдар мен мекемелердің коллективтері. Ертеңгі сағат 11-де Петров көшесінің Ленин көшесі жағына жыйналады. Колоннаның басы Ульянов көшесінің бұрышында болады. (Колонна бастығы Нурали жолдас).

Белосипедшілер мен мотоциклшілер колоннасы Қарым Сутошев көшесінің драма театры жағына жыйналады. Колоннаның басы Пушкин көшесінің бұрышында болады. Колонна Октябрь алаңына Пушкин көшесінің бойымен жүріп барады. (Колоннаға Екимов және Солдков жолдастар басшылық етеді).

4. Кәсіпорындар колоннасының ішінде қабылданған социалистік міндеттемелердің орындалу принципін қарай сап түзейді.

5. Жалпықалалық демонстрацияға басшылық ету қалалық соғыс комиссары подполковник К. Г. Занкин жолдасқа жүктеледі.

6. Демонстрация кезінде тәртіп сақтау облыстық милиция басқармасының бастығы полковник Д. Т. Тоқпанов жолдасқа жүктеледі.

7. Демонстранттардың жалпықалалық колонналары жыйналатын және өтетін көшелеріне автомобиль, жүк транспортымен жүру таңертеңгі сағат 9-дан демонстрация аяқталғанға дейін тоқтатылады.

ҚАЛАЛЫҚ МЕРЕКЕ КОМИССИЯСЫ.

шахматшысы Тамара Страндстрем ие болды. Төртінші орынға Ленинград өкілі Наталья Лобанова шықты.

Алғашқы төрт орынға ие болған ойыншылар әйелдер арасында шахматтан ССРО-да бірінші орын алудың XVII-финалына қатысуға право алды.

ВІЛЬНЮС, 27 апрель. (СОТА). Кеше әйелдер арасында шахматтан ССРО-да бірінші орын алудың Вильнюсте өткізілген XVII-жарғылай финалы аяқталды.

туралы осындай келісім жасасуға болатынын көрсетіп отыр. Мұндай жеңілдіктер Австрияның бақытты болашағын қамтамасыз еткен болар еді».

Австрияны соғыс топтарына қатыстырудан қорғау идеясы Батыс Германиядағы, Франциядағы, Англиядағы бірқатар баспасөз органдары тарапынан да мақұлданып қарсы алынды. Бірақ ең реакцияшыл газеттер Австрия үкімет делегациясының берген уәдесіне қарсы шығып, бұған қарсы өз программасын ұсынды, бұл программа бойынша Австрия әрі Батыс Германиямен біріктірілуге, әрі Солтүстік-Атлантикалық блокке енгізілуге тиіс. Американдық «Дейли миррор» газеті нақ осындай қарсы программаны насихаттап, Австрияны батыстың соғыс блоктеріне

ференцияны бұлай деп бағалау — үрейленудің нәтижесі екендігі, отар және тәуелді елдердің өмірінде болған орасан зор өзгерістер алдында империалистік топтың осындай үрейді барған сайын көбірек басынан кешіріп отырғандығы өзінен-өзі түсінікті.

Қытайдағы халықтық революцияның жеңісі ХХ ғасырда Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін болған ең зор оқиға болды. Қытай Халық Республикасы өзінің өмір сүріп отырған фактінің өзімен ғана Азия мен Африканың тәуелді халықтарына революциялық рух беретін орасан зор ықпал жасауда. Корея Халық-Демократиялық Республикасы мен Вьетнам Демократиялық Республикасының құрылуы барған сайын маңызды болып келеді. Индия да республикаға айналды. Индонезия

және АҚШ-ты Британия империясының мұрагері деп санауда». Бандунгте, деген «Пост диспетчтің» тілшісі хабарының қорытындысында; «АҚШ-тың Азиядан оқшаулану хауші күшті сезілуде».

«Пост диспетч» тілшісінің бұл «сезімі» көрінеу жеңілігі қалды. Американдық империализмінің Азияда оқшаулануы — бұл АҚШ-қа төніп отырған «хауш» емес, шындықтың нағыз өзі, бұл шындықты қарудың күшімен де, бөтен жерлерді окупациялаумен де, қолжаулық билеп-төстеушілердің соғыс блоктерін құрумен де өзгертуге болмайды.

Бандунгтегі конференция — Азия мен Африка елдері бостандығының, тәуелсіздігінің және хаушсіздігінің конференциясы — мұны тағы да еске салды.

В. ЛИНЕЦКИЙ.

БАТЫС ҮШ ДЕРЖАВАНЫҢ ТАЯУДА БОЛАТЫН КЕҢЕСІ

ЛОНДОН, 25 апрель. (СОТА). Бүгін Англияның сыртқы істер министрлігі мазмұндама жариялады. Осы мазмұндамаға сәйкес 8 майда Парижде АҚШ-тың, Англияның және Францияның сыртқы істер министрлерінің «Совет Одағының қатысуымен төрт державаның жеңесін шақырудың нақтылы жоспарларын талқылауға арналған» кеңесі болмақ.

ХАЙФОН АУДАНЫНАН ФРАНЦУЗ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ӨНЕТІЛУІ

ХАНОЙ, 26 апрель. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігі мынаны хабарлайды: Хайфон ауданын Вьетнам Демократиялық Республикасына қайтарып беру туралы қол жеткен келісімге сәйкес, кеше француз одағының қарулы күштері Хайфон ауданының үшінші секторындағы Куанг-ен қаласынан көшіп шықты.

Жергілікті халық Вьетнам Халық армиясы бөлімдерінің қалаға кіруін қызу құттықтады.

КОЛУМБИЯДА ШАРУАЛАРДЫҢ ТОЛҚУЫ

НЬЮ-ЙОРК, 26 апрель. (СОТА). Баспасөздің хабарлауынан байқалып отырғанындай, Колумбияда шаруалар зор көлемде толқуда. Колумбиядан алынған хабарларда үкімет әскерлерінің және жер реформасын жүргізуді талап етуші шаруалардың арасында соқтығысулар болғаны айтылған.

Нью-Йоркте шығатын «Ла Пренс» газеті Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Боготадан (Колумбия) берген хабарын жариялады, бұл хабарда Толима ауданында шаруаларға қарсы әрекет жасаушы үкімет әскерлерін авиация қолдауда делінген.

Эльбадағы кездесуде болған американ ветерандарының Москваға келуі жайында

ВАШИНГТОН, 26 апрель. (СОТА). Бұдан бұрын хабар етілгеніндей, «Эльбадағы кездесуде болған американ ветерандарының» ұйымы Эльбадағы кездесудің 10 жылдығына байланысты жыйналысқа қатысу үшін Москваға өз өкілдерін жіберу жөніндегі шақыруды қабыл алған болатын.

Осы ұйымның 12 мүшесі 24 апрельде Москваға мынадай телеграмма жолдады: «Эльба өзеніндегі кездесуде болған совет ветерандарына, Москва, ССРО».

Біз, Эльба өзеніндегі кездесуде болған американ ветерандары, Вашингтонда өзіміздің 10 жылдығымызға жыйналып, 1955 жылғы 9 майда Москвада жеңіс күнін мейрамдауға сіздердің қонақтарыңыз ретінде қатысуға шын жүректен шақырғандарыңыз үшін сіздерге алғыс айтамыз. Біз Москваға бірнеше күннен кейін сапарға шығамыз. Біз сіздермен кездесуді күтін отырмыз және бұл кездесу жер шарында бостандық пен бейбітшілікті қамтамасыз етуге көмектеседі деп сенеміз, өйткені бұдан 10 жыл бұрын біз осы бостандық пен бейбітшілік үшін күрескен болатынбыз.

Шын ықласты сәлеммен,
Эльба өзеніндегі кездесуде болған американ ветерандары:

ФРАНЦУЗДЫҢ СОЛТҮСТІК АФРИКАДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ПАРИЖ, 26 апрель. (СОТА). «Юмани-те» газетінің хабарлауына, Альжирдің бірқатар аудандарында «төтенше жағдай» туралы заң көзінің өзінде толық күшіне кірген. Бұл аудандарда қатаң цензура (бақылау) қойылған; тұрғын халықтың күн батқаннан кейін көпеше шығуына

Джон Б. Адамс, кішісі; Чарльз Г. Форрестер; Роберт Хаач; Эдвин А. Джаири; Фред У. Джонстон; Роберт Лигел; Блод У. Мур; Джозеф Половский; Илайджа Сэмс; кішісі; Мюрри Шульмен; Б. Л. Шивер, Уильям Уэйсл.

Баспасөздің хабарларына қарағанда, «Эльбадағы кездесуде болған американ ветерандары» ұйымының 12 мүшесі 25 апрельде мемлекеттік департаментте болып, мұнда өздерінің Москваға бару мәселесі жөнінде әңгімелескен. Әңгімеден кейін олар тілшілерге былай деп мәлімдеген: американ ветерандарының Москваға баруы туралы мәселе жөнінде қарар қабылдау үшін мемлекеттік департаментке «бірнеше күн керек болады». Ветерандар тобының өкілі Половский ветерандардың Москваға баруы туралы мәселемен байланысты кеше ССРО-ның Вашингтондағы Елшілігінде болған. Оны ССРО-ның АҚШ-тағы Елшісі Г. Н. Зарубин қабылдаған.

Баспасөздің хабарлауына, Половский елшілікте болғаннан кейін былай деп мәлімдеген: Г. Н. Зарубин «Эльбадағы кездесуде болған американ ветерандары» ұйымының мүшелері АҚШ мемлекеттік департаментінен рұқсат қағаздар алғаннан кейін іле-шала советтік рұқсат қағаздар алады деп сөздірі.

Тыйым салынған. 22 апрельде Хеншелдің 160 тұрғын халқы «сақтану шаралары» ретінде тұтқынға алынып, «байқау аймағы» дейінге қамалған, бұл жерде олар полицейлік немесе әскери өкімет орындарының күзетінде болуға тиіс.

хабарлайды:

Жапон газеттері Азия мен Африка елдері конференциясының ойдағыдай аяқталғанына көп көңіл бөліп, конференция табыстарының тарихи маңызы бар деп көрсетілген. «Асахи» газетінің жазғанындай, Азия мен Африка елдері конференциясының аса зор табысы мынада: бұл конференция Азия мен Африканың бір миллиард 400 миллион адамдарының соғысқа қарсы бағытталған, бейбітшілікті жақтаған еркін білдірді. Бұл конференция, деп жазған газет, әлеуметтік системалары әртүрлі елдер тарапынан отаршылдыққа қарсы бірауыздан және күшті оппозиция жасап, адамдарға күшті әсер етті.

ПОЛЬША МЕН АВСТРИЯ АРАСЫНДАҒЫ ТОВАР АЙЫРБАСЫ ТУРАЛЫ ПРОТОКОЛҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛУЫ

ВАРШАВА, 26 апрель. (СОТА). Кеше Венада Польша мен Австрия арасындағы 1955 жылдың бірінші апрелінен 1956 жылғы 31 мартқа дейінгі кезеңге товар айырбасы туралы протоколға қол қойылды.

Австрия Польшаға прокат пен металлургия өнеркәсібінің басқа бұйымдарын, машиналар мен жабдықтар, жасанды торқа, қағаз, шарико-подшипниктер беретін болады.

Польша Австрияға көмір, прокат, машиналар және басқа товарлар береді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының облыстық аңшылық инспекциясы, суда жүзетін, томарда және далада мекендейтін құстарды көктемде алу мерзімі Солтүстік Қазақстан облысында 1955 жылғы 2 майда аяқталатындығын барлық аңшылардың есіне салады.

Балалардың біріккен ауруханасына жұмысшылар, сауыншылар, бақташылар, двигатель моторшысы КЕРЕК.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде былғары заводының сыртқыдағы біріккен балалар ауруханасының көмекші шаруашылығынан түсінік алуға болады.

Өрт сөндіру күзетіне тұрақты жұмысқа шоферлер мен жұмысшылар КЕРЕК.

Жұмысқа орналасу жөнінде мына адрес бойынша түсінік алуға болады: Петропавл қаласы, Совет көшесі, 100 үй.

мұнда бір айға жуық уақытқа созылған әйелдер арасында шахматтан ССРО-да бірінші орын алу жарысының XVII-жарытпалық финалы аяқталды. Бұған Москвадан, Ленинградтан, Киевтен, Тбилисиден, Бакуден, Ташкенттен, Ашхабадтан және еліміздің басқа да қалаларынан 16 шахматшы әйел қатынасты.

Бірінші және екінші орындарды Дондағы Ростов қаласынан спорт мастери Юзерва Гурфинкельмен бірінші разрядты спортшы Татьяна Затуловская (Баку) өзара бөлісіп алды. Үшінші орынға Москва

ФУТБОЛДАН БІРІНШІ ОРЫН АЛУ ЖАРЫСЫ

«Б» тобындағы командалардың ойыны

Еліміздің әртүрлі қалаларында «Б» тобындағы командалардың арасында футболдан елімізде бірінші орын алу жарысының екінші турының ойындары болды. Бірінші аймақ бойынша Ужгородтың спартакшылары 0:1 есебімен Калинин қаласындағы спартакшылардан ұтылып қалды. Львов Офицерлер үйінің футболшылары 2:1 нәтижесінде «Красное знамя» қолының (Иваново) командасын ұтты. «Металлург» қолының командасы (Запорожье) Таллин динамошыларын 3:0 есебімен жеңіп шықты. Кишиневтегі «Буревестник» қолының командасының Вильнюс спартакшыларымен кездесуі 2:0 есебімен кишиневтіктердің пайдасына шешілді. Киев Офицерлер үйінің спортшылары да дәл осындай нәтижеде Одессаның

аралық мастер К. Зворыкина мүмкіндігі бар 15 ұшайдан 11,5 ұпай жыйнап, жеңіске ие болды. Одан москвалық бірінші разрядты спортшы Э. Смирнова жарты ұпай кейін қалды. Үшінші және төртінші орындарды еңбегі сіңген спорт мастери О. Рубцова (Москва) мен бірінші разрядты спортшы Р. Эстеркина (Ленинград) бөлісті.

Бұл төрт шахматшы әйелдер арасында шахматтан елімізде бірінші орын алу жарысының XVII-финалына қатысу прарвосына ие болды.

«Нищевик» қолының командасын ұтты. Ступино қаласының командасы (Москва облысы) 1:2 есебімен Днепрпетровскінің «Металлург» қолының командасына жеңіліске ұшырады. Москва көмір бассейні «Шахтер» қолының футболшылары 1:0 нәтижесімен Харьковтің «Локотив» қолының командасын жеңді. Севастополь Офицерлер үйінің футболшылары мен Риганың «Даугава» командасының кездесулерінде өсеіп ашылмай, ойын тең аяқталды.

Екінші аймақ бойынша 8 кездесу өткізілді. «Торшедо» командасы (Горький) 2:1 есебімен Бакудың «Нефтяник» қолының командасын ұтты.

Редактор **Г. МУХАМЕДЖАНОВ.**



Облыстық драма театрында

«ЕКІНШІ НЕКЕ»

Ойын кешкі сағат 8-де басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«СҮЙІКТІ ДОС»

Сеанстар сағат 5, 7, 9 және 11-де басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық Совет аткомінің ұйымдасқан түрде жұмысшылар алу бөлмені облысымызда және Петропавл қаласында элеваторлар және астық дайындау пункттері құрылыстарында жұмыс істеу үшін ер және әйел жұмысшылар қабылдайды. Шарт жасасқан адамдарға қайтарылмайтын ақпадай көмек беріліп, жұмыс істейтін жеріне барғанға дейінгі шығыны төленеді. Жұмысқа қабылданғандар жатақхана және төсек-орынмен, ал семьясы барлар потермен қамтамасыз етіледі. Бұл жөнінде Петропавл қаласы, Папанин көшесі 98 үйден, селолық жерлерде аудандық Совет аткомдерінен түсінік алуға болады.

«Труд» артелі 1955 жылы ірі қарамал және ешкі бағуға ақы ала бастайды. Сол сыяқты, артельге малын керек, еңбекақы істегеніне қарай төленеді.

Петропавл қаласы, Октябрь көшесі, 244-үйде тұрушы Мария Николаевна Суханова Леонид Петрович Сухановтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы облыстық сотта қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орындаушысы — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00762.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.